Пайдаланушы нұсқаулығы

© Copyright 2018 HP Development Company, L.P.

Bluetooth өз меншік иесінің сауда белгісі болып табылады және оны HP Inc. компаниясы лицензия бойынша пайдаланады. Intel, Celeron және Pentium – Intel корпорациясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі сауда белгілері. Microsoft – тіркелген сауда белгісі немесе АҚШ және/немесе басқа елдердегі Microsoft корпорациясының сауда белгісі.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешқандай мәліметтер қосымша кепілдік деп түсінілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателерге, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Бірінші басылым: желтоқсан, 2018 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі: L46445-DF1

Өнім ескертуі

Пайдаланушы нұсқаулығы көптеген модельдерге бірдей болатын мүмкіндіктерді сипаттайды. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде болмауы мүмкін.

Барлық мүмкіндіктер кейбір Windows шығарылымдарында немесе нұсқаларында жұмыс істемеуі мүмкін. Windows жүйесінің мүмкіндіктерін толығымен пайдалану үшін, жүйелердегі аппараттық құралды, драйверлерді, бағдарламалық құралды немесе BIOS жаңарту және/немесе бөлек сатып алу қажет болуы мүмкін. Windows 10 автоматты түрде жаңартылады және әрқашан қосулы болады. ISP ақылары алынуы және жаңартуларға біраз уақыт қосымша талаптар қойылуы мүмкін. http://www.microsoft.com сілтемесін қараңыз.

Пайдаланушы нұсқаулықтарының соңғы нұсқасын ашу үшін http://www.hp.com/support сілтемесіне өтіп, өніміңізді табу нұсқауларын орындаңыз. Содан кейін **Руководства пользователя** (Пайдаланушы нұсқаулықтары) бөлімін таңдаңыз.

Бағдарламалық құрал шарттары

Осы дербес компьютерде алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнату, көшіру, жүктеп алу немесе басқа жолмен пайдалану арқылы, HP Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісіміне (EULA) бағынуға келісесіз. Егер сіз осы лицензиялық шарттармен келіспесеңіз, қолданылмаған өнім қаражатын қайтару ережелеріне сәйкес төленген қаражатты толық қайтарып алу үшін, пайдаланбаған өнімді (аппараттық және бағдарламалық құралды) 14 күн ішінде сатушыға қайтаруыңызға болады.

Қосымша ақпарат үшін немесе компьютердің толық құнын қайтаруға талап қалдыру үшін, сатушымен байланысуыңызды сұраймыз.

Қауіпсіздік туралы ескерту хабары

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Қызып кетумен байланысты зақымдарды немесе компьютердің қатты қызып кету жағдайын азайту үшін компьютерді тізеңізге қоймаңыз немесе компьютердің ауа желдеткішін бітемеңіз. Компьютерді тек қатты, тегіс беттің үстіне қойып пайдаланыңыз. Қасында тұрған қосымша принтер сияқты қатты беттің немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ беттің ауа ағынын бөгеуіне жол бермеңіз. Сонымен қатар, жұмыс кезінде айнымалы ток адаптерінің теріге немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ бетке тимеуін қадағалаңыз. Компьютер және айнымалы ток адаптері Ақпараттық технология жабдығы қауіпсіздігінің халықаралық стандарты (IEC 60950-1) арқылы белгіленетін пайдаланушыға рұқсат етілген бет температурасына сай келеді.

Процессордың конфигурация параметрі (тек таңдаулы өнімдерде)

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: Компьютердің таңдаулы өнімдері Intel ® Pentium ® N35xx/N37xx сериялы немесе Celeron ® N28xx/N29xx/N30xx/N31xx сериялы процессормен және Windows ® амалдық жүйесімен жабдықталады. **Жоғарыда сипатталған компьютерде msconfig.exe файлында процессордың конфигурациялық параметрлерін 4 немесе 2 процессордан 1 процессорға өзгертпеңіз.** Егер өзгертсеңіз, компьютер қайта қосылмайды. Түпнұсқалық параметрлерді қалпына келтіру үшін, зауыттық қалпына келтіруді жүзеге асыру қажет.

Мазмұны

1 Қош келдіңіз 1

Ақпаратты табу 2

2 Бөліктер 4

Аппараттық құралдардың орналасқан жерлері 4

Бағдарламалық құралдардың орналасқан жерлері 4

Оң жағы 5

Сол жағы 6

Дисплей 7

Пернетақта аумағы 9

Сенсорлы тақта 9

Шамдар 10

Түймешік, үндеткіштер және саусақ ізін оқу құрылғысы 11

Арнайы пернелер 12

Әрекет пернелері 13

Астыңғы жағы 15

Жапсырмалар 15

3 Желі қосылымдары 17

Сымсыз желіге қосылу 17

Сымсыз басқару элементтерін пайдалану 17

Сымсыз байланыс түймесі 17

Амалдық жүйе басқару элементтері 18

WLAN желісіне қосылу 18

HP Мобильді кең жолақты модулін пайдалану (тек таңдаулы өнімдерде) 19

GPS пайдалану (тек таңдаулы өнімдерде) 19

Bluetooth сымсыз құрылғыларын пайдалану (тек таңдаулы өнімдерде) 19

Bluetooth құрылғыларын қосу 20

NFC мүмкіндігін ақпаратты бөлісу үшін пайдалану (тек таңдаулы өнімдерде) 20

Ортақ пайдалану 20

Сымды желіге қосылу 21

Жергілікті желіге (LAN) қосылу (тек таңдаулы өнімдерде) 21

HP LAN-Wireless Protection мүмкіндігін (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану 21

HP LAN-Wireless Protection мүмкіндігін қосу және параметрлерді реттеу 22

Компьютерді желіде анықтау үшін HP MAC Address Pass Through жүйесін (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану 22

MAC Address Pass Through параметрлерін реттеу 22

4 Экранда шарлау 24

Сенсорлы тақтаны және сенсорлы экран қимылдарын пайдалану 24

Түрту 24

Екі саусақ көмегімен қысып масштабтау 25

Екі саусақпен сырғыту (сенсорлы тақта және Precision TouchPad) 25

Екі саусақпен түрту (сенсорлы тақта және Precision TouchPad) 25

Үш саусақпен түрту (сенсорлы тақта және Precision TouchPad) 26

Төрт саусақпен түрту (сенсорлы тақта және Precision TouchPad) 26

Үш саусақпен жанап өту (сенсорлы тақта және Precision TouchPad) 27

Төрт саусақпен жанап өту (Precision TouchPad) 27

Бір саусақпен сырғыту (сенсорлы экран) 28

Қосымша пернетақтаны немесе тінтуірді пайдалану 28

Экрандық пернетақтаны пайдалану (тек таңдаулы өнімдерде) 28

5 Ойын-сауық мүмкіндіктері 29

Камераны пайдалану (тек таңдаулы өнімдерде) 29

Дыбысты пайдалану 29

Үндеткіштерді қосу 29

Құлақаспаптарды қосу 29

Гарнитураны қосу 30

Дыбыс параметрлерін пайдалану 30

Бейнені пайдалану 30

USB Type-C кабелі арқылы DisplayPort құрылғысын жалғау (тек таңдаулы өнімдерде) 31

Бейне құрылғыларын HDMI кабелі арқылы қосу (тек таңдаулы үлгілерде) 32

HDMI арқылы дыбысты реттеу үшін 33

MultiStream Transport технологиясын пайдаланып, сымды дисплейлерді табу және оларға қосылу 33

Дисплейлерді Intel graphics (қосымша хабты) арқылы қосу 33

Intel графикасы (орнатылған хабты) бар компьютерлерге дисплейлерді қосу ... 34

Miracast-үйлесімді сымсыз дисплейлерді табу және оларға қосылу (тек таңдаулы өнімдерде) 34

Деректерді беру мүмкіндігін пайдалану 34

USB Type-C портына құрылғыларды жалғау (тек таңдаулы өнімдерде) 35

6 Қуат басқару 36

Ұйқы немесе күту күйін пайдалану 36

Ұйқылық күйді қосу және одан шығу 36

Күту режимін іске қосу және шығу (тек таңдаулы өнімдерде) 37

Компьютерді өшіру (сөндіру) 37

Қуат белгішесін және Қуат параметрлерін пайдалану 38
Батареяның қуатымен жұмыс істеу 38
HP Жылдам зарядтау мүмкіндігін (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану 39
Батарея зарядын көрсету 39
HP Support Assistant бағдарламасында батарея мәліметтерін табу (тек таңдаулы өнімдерде) 39
Батарея қуатын үнемдеу 39
Төмен батарея деңгейлерін анықтау 40
Төмен батарея деңгейі мәселесін шешу 40
Сыртқы қуат қолданылғанда төмен батарея деңгейін шешу 40
Ешқандай қуат көзі болмағанда төмен батарея деңгейін шешу 40
Компьютер күту күйінен шыға алмайтын кезде төмен батарея деңгейін шешу 40
Зауытта пломбаланған батарея 40
Сыртқы қуат көзіне қосып жұмыс істеу 41

7 Қауіпсіздік 42

Компьютерді қорғау 42
Құпия сөздерді пайдалану 43
Windows жүйесінде құпия сөздерді орнату 43
Computer Setup құралында құпия сөздерді орнату 44
BIOS әкімші құпия сөзін басқару 44
BIOS әкімші құпия сөзін енгізу 46
Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін DriveLock опцияларын қолдану 46
Автоматты DriveLock мүмкіндігін таңдау (тек таңдаулы өнімдерде) 46
DriveLock мүмкіндігін қосу 46
Автоматты DriveLock құралын ажырату 47
Автоматты DriveLock құпия сөзін енгізу 47
DriveLock қолмен таңдау 48
DriveLock басты құпия сөзін тағайындау 48
DriveLock мүмкіндігін қосу және DriveLock пайдаланушы құпия сөзін орнату 49
DriveLock құралын ажырату 49
DriveLock құпия сөзін енгізу 50
DriveLock құпия сөзін өзгерту 50
Windows Hello (тек таңдаулы өнімдерде) 51
Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану 51
Желіаралық қалқан бағдарламалық құралын пайдалану 51
Бағдарламалық құрал жаңартуларын орнату 52
HP Client Security бағдарламасын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде) 52
HP Device as a Service (HP құрылғысын қызмет ретінде) (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану 53
Қосымша қауіпсіздік кабелін пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде) 53

Саусақ ізін оқу құрылғысын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде) 53
Саусақ ізін оқу құрылғысының орналасуы 53

8 Күтім 54

Компьютер жұмысын жақсарту 54
Дискіні дефрагментациялау құралын пайдалану 54
Дискіні тазалау құралын пайдалану 54
HP 3D DriveGuard бағдарламасын (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану 55
HP 3D DriveGuard күйін анықтау 55
Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту 55
Компьютерді тазалау 55
Тазалау іс рәсімдері 56
Дисплейді тазалау 56
Компьютердің жақтары немесе қақпағын тазалау 56
Сенсорлы тақтаны, пернетақтаны немесе тінтуірді тазалау (тек таңдаулы өнімдерде) 56
Компьютерді сапарға алып шығу немесе тасымалдау 57

9 Сақтық көшірме жасау, алдыңғы күйіне қайтару және қалпына келтіру 58

Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру медиасын жасау 58
Windows құралдарын пайдалану 58
HP Cloud Recovery Download Tool құралын қалпына келтіру нұсқасын жасау үшін (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану 59
Алдыңғы күйге қайтару және қалпына келтіру 59
Windows құралдары көмегімен алдыңғы күйге қайтару, бастапқы қалпына келтіру және қалпына келтіру 59
HP Қалпына келтіру медиа құралынан қалпына келтіру 59
Компьютердің жүктелу ретін өзгерту 59

10 Computer Setup (BIOS), TPM және HP Sure Start 61

Computer Setup утилитасын пайдалану 61
Computer Setup утилитасын бастау 61
Computer Setup утилитасында жылжу және таңдау 61
Computer Setup утилитасында зауыттық параметрлерді қалпына келтіру 61
BIOS нұсқасын жаңарту 62
BIOS нұсқасын анықтау 62
BIOS жаңартуын жүктеп алу 63
Жүктеу ретін f9 жылдам пернесінің көмегімен өзгерту 64
TPM BIOS параметрлері (тек таңдаулы өнімдерде) 64
HP Sure Start бағдарламасын (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану 64

11 HP PC Hardware Diagnostics пайдалану 65
HP PC Hardware Diagnostics Windows (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану 65
HP PC Hardware Diagnostics Windows жүктеп алу 66
HP PC Hardware Diagnostics Windows құралының ең соңғы нұсқасын жүктеп алу 66
HP Hardware Diagnostics Windows құралын өнімнің атауы немесе нөмірі бойынша (тек таңдаулы өнімдерде) жүктеп алу 66
HP PC Hardware Diagnostics Windows орнату 66
HP PC Hardware Diagnostics UEFI пайдалану 66
HP PC Hardware Diagnostics UEFI бастау 67
HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын USB флэш-жады дискісіне жүктеу 67
HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралының ең соңғы нұсқасын жүктеп алу 67
HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын өнімнің атауы немесе нөмірі бойынша (тек таңдаулы өнімдерде) жүктеп алу 68
Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI параметрлерін (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану 68
HP PC Hardware Diagnostics UEFI жүктеп алу 68
Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралының ең соңғы нұсқасын жүктеп алу 68
Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын өнімнің атауы немесе нөмірі бойынша жүктеп алу 68
Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI параметрлерін реттеу 69

12 Техникалық сипаттамасы 70
Тұтынылатын қуат 70
Жұмыс ортасы 71

13 Электрстатикалық разряд 72

14 Арнайы мүмкіндіктер 73
Арнайы мүмкіндіктер 73
Арнайы мүмкіндіктерге арналған қажетті құралдарды табу 73
Біздің міндетіміз 73
Халықаралық арнайы мүмкіндіктер жөніндегі білікті мамандар бірлестігі (IAAP) 74
Ең жақсы арнайы технологияны табу 74
Қажеттіліктеріңізге қол жеткізу 74
HP өнімдеріне арналған арнайы мүмкіндіктер 75
Стандарттар және заңдар 75
Стандарттар 75
Нөмірі 376 – EN 301 549 бұйрығы 76
Веб-мазмұнға қол жеткізу жөніндегі нұсқаулар (WCAG) 76
Заңдар мен ережелер 76

Америка Құрама Штаттары 76
21 ғасырдағы байланыстар мен бейне құралдарының қолжетімділігі жөніндегі заң (CVAA) 77
Канада 77
Еуропа 78
Ұлыбритания 78
Австралия 78
Дүние жүзі бойынша 78
Пайдалы арнайы мүмкіндіктер ресурстары мен сілтемелері 78
Ұйымдар 79
Білім беру институттары 79
Шектеулі мүмкіндіктер туралы басқа да ресурстар 79
HP сілтемелері 79
Қолдау қызметіне хабарласу 80

Индекс 81

1 Қош келдіңіз

Компьютерді орнатқан және тіркеген соң, зерделі қаржыландырудың ең көбін алу үшін келесі қадамдарды орындауды ұсынамыз:

КЕҢЕС: Ашық тұрған бағдарламадан немесе Windows жұмыс үстелінен компьютердің бастау экранына жылдам оралу үшін пернетақтадағы Windows пернесін басыңыз. Windows пернесін қайта басып, алдыңғы экранға ораласыз.

- **Интернетке қосылу** — интернетке қосылу үшін, сымды және сымсыз желіні реттеңіз. Қосымша ақпаратты Желі қосылымдары (17-бет) бөлімінен қараңыз.
- **Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды жаңарту** — вирустардан болатын зақымнан компьютерді қорғаңыз. Бағдарламалық құрал компьютерде алдын ала орнатылып келеді. Қосымша ақпаратты Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану (51-бет) бөлімінен қараңыз.
- **Компьютермен танысу** — компьютер мүмкіндіктері туралы қосымша мәлімет алыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін, Бөліктер (4-бет) және Экранда шарлау (24-бет) бөлімдерін қараңыз.
- **Орнатылған бағдарламалық құралды табу** — компьютерде алдын ала орнатылған бағдарламалық құралдар тізімін қараңыз:

  Пуск (Бастау) түймесін басыңыз.

  – немесе –

  Пуск (Бастау) түймесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, содан кейін **Приложения и возможности** (Бағдарламалар мен мүмкіндіктер) опциясын таңдаңыз.
- **Қатты дискінің сақтық көшірмесін жасау** — қалпына келтіру дискілерін немесе қалпына келтіру USB флэш-дискісін жасау арқылы қатты дискінің сақтық көшірмесін жасаңыз. Сақтық көшірме жасау, алдыңғы күйіне қайтару және қалпына келтіру (58-бет) бөлімін қараңыз.

Ақпаратты табу

Өнім туралы егжей-тегжейлі деректерді, практикалық нұсқаулық ақпаратын және қосымша мәліметтерді қамтамасыз ететін ресурстарды табу үшін, мына кестені қараңыз.

Ресурстар	Мазмұны
Орнату нұсқаулары	• Компьютердің параметрлерін орнатуға және мүмкіндіктеріне жалпы шолу
HP қолдау қызметі HP қолдауы үшін http://www.hp.com/support бетіне өтіңіз және өнімді табу жөнінде нұсқауларды орындаңыз.	• HP маманымен желіде сөйлесу • Қолдау қызметінің телефон нөмірлері • Ауыстыру бөліктері туралы бейнелер (тек таңдаулы өнімдерде) • Техникалық күтім және қызмет көрсету нұсқаулықтарын • HP қызмет көрсету орталығының мекенжайлары
Қауіпсіз және қолайлы жұмыс нұсқаулығы Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін: ▲ **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Справка и поддержка HP** (HP анықтамасы және қолдау), одан кейін **Документация HP** (HP құжаттары) тармақтарын таңдаңыз. – немесе – ▲ http://www.hp.com/ergo веб-торабына өтіңіз. **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Пайдаланушы нұсқаулығының ең соңғы нұсқасын ашу үшін Интернетке қосылу қажет.	• Жұмыс орнын реттеу • Ыңғайлылықты қамтамасыз ететін және жарақат алу қаупін азайтатын дене күйі мен жұмыс дағдыларының нұсқаулары • Электр және механикалық қауіпсіздік ақпараты
Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер Бұл құжатты ашу үшін: ▲ **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Справка и поддержка HP** (HP анықтамасы және қолдау), одан кейін **Документация HP** (HP құжаттары) тармақтарын таңдаңыз.	• Маңызды заңдық ескертпелер, соның ішінде қажетінде батареяны дұрыс тастау жолы.
*Шектеулі кепілдік** Бұл құжатты ашу үшін: ▲ **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Справка и поддержка HP** (HP анықтамасы және қолдау), одан кейін **Документация HP** (HP құжаттары) тармақтарын таңдаңыз. – немесе – ▲ http://www.hp.com/go/orderdocuments веб-торабына өтіңіз. **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Пайдаланушы нұсқаулығының ең соңғы нұсқасын ашу үшін Интернетке қосылу қажет.	• Бұл компьютер туралы арнаулы кепілдік ақпараты

*HP Шектеулі кепілдігін өнімдегі және/немесе қорапта қамтамасыз етілген ықшам дискіде немесе DVD дискісіндегі пайдаланушы нұсқаулықтарында табуға болады. Кейбір елдерде немесе аймақтарда HP компаниясы басылған кепілдігін қорапта ұсынады. Басылған түрдегі кепілдік берілмейтін елдерде/аймақтарда оның басылған көшірмесін http://www.hp.com/go/orderdocuments мекенжайы бойынша сұрауға болады. Азия-Тынық Мұхит аймағында сатып алынған

Ресурстар	Мазмұны
өнімдер бойынша POD, PO Box 161, Kitchener Road Post Office, Singapore 912006 мекенжайы арқылы HP компаниясына хат жазуға болады. Өнім атауын, аты-жөніңізді, телефон нөмірін және пошталық мекенжайды көрсетіңіз.	

2 Бөліктер

Компьютерде жоғарғы деңгейлі бөліктер бар. Бұл тарауда бөліктер туралы, олардың қайда орналасқаны және қалай істейтіні туралы мәліметтер берілген.

Аппараттық құралдардың орналасқан жерлері

Компьютерге орнатылған аппараттық құралдарды көру үшін:

- Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында `диспетчер устройств` (құрылғылар басқарушысы) деп теріп, **Диспетчер устройств** (Құрылғылар басқарушысы) қолданбасын таңдаңыз.

  Компьютерге орнатылған барлық құрылғылар тізімде көрсетіледі.

Жүйенің аппараттық құралдарының компоненттері және жүйенің BIOS нұсқасының нөмірі туралы ақпарат алу үшін fn+esc (тек таңдаулы өнімдерде) пернелерін басыңыз.

Бағдарламалық құралдардың орналасқан жерлері

Компьютерде орнатылған бағдарламалық құралдардың тізімін көру үшін:

- **Пуск** (Бастау) түймесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, содан кейін **Приложения и возможности** (Бағдарламалар мен мүмкіндіктер) опциясын таңдаңыз.

Оң жағы

ЕСКЕРТПЕ: Компьютерге ұқсас суретті қараңыз.



Бөлік			Сипаттама
(1)		Аудио шығыс (құлақаспап)/Аудио кіріс (микрофон) біріккен ұясы	Тоққа қосылатын қосымша стерео үндеткіштер, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспаптар, гарнитура немесе теледидар дыбыс кабелі қосылады. Сонымен қатар, қосымша гарнитура микрофонын қосады. Бұл ұяшық қосымша автономды микрофонды қолдамайды. **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Жарақаттану қаупін азайту үшін, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспап немесе гарнитураны киер алдында, дыбыс деңгейін реттеңіз. Қауіпсіздік туралы қосымша ақпарат алу үшін *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер* нұсқаулығын қараңыз. Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін: ▲ **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Справка и поддержка HP** (HP анықтамасы және қолдау), одан кейін **Документация HP** (HP құжаттары) тармақтарын таңдаңыз. **ЕСКЕРТПЕ:** Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.
(2)	SS	USB SuperSpeed порты (үлгісіне байланысты 1 немесе 2 порт)	Ұялы телефон, камера, әрекет бақылағышы немесе смарт сағат сияқты USB құрылғысын жалғап, деректерді жоғары жылдамдықпен беруді қамтамасыз етеді.
(3)	HDMI	HDMI порты	Ажыратымдылығы жоғары теледидар немесе кез келген сыйысымды сандық не аудио компоненті сияқты қосымша видео не аудио құрылғыны, сондай-ақ жылдамдығы жоғары HDMI құрылғысын қосады.
(4)		RJ-45 (желі) ұясы/күй шамдары	Желілік кабелді қосады. • Жасыл (сол жақта): Желі қосылған. • Сары (оң жақта): Желіде әрекет орын алуда.
(5)	SS	USB Type-C қуат қосқышы порты, SuperSpeed пты және DisplayPort қосқышы	Компьютерге қуат беретін, қажет болса, компьютер батареясын зарядтайтын USB Type-C қосқышы бар айнымалы ток адаптерін қосады. – және – Ұялы телефон, камера, белсенділік трекері немесе смарт сағат сияқты Type-C коннекторы бар USB құрылғысын жалғайды және деректерді жоғары жылдамдықпен беруді қамтамасыз етеді. – және –

Бөлік		Сипаттама
		DisplayPort шығыс ұясын қамтамасыз ету арқылы USB Type-C қосқышы бар дисплей құрылғысын жалғайды. **ЕСКЕРТПЕ:** Кабельдер және/немесе адаптерлер (бөлек сатылады) қажет болуы мүмкін.
(6)	Батарея шамы	Айнымалы ток көзіне қосылған кезде: • Ақ: Батарея заряды 90% асады. • Сары: Батарея заряды – 0 мен 90% аралығында. • Өшірулі: Батарея зарядталмайды. Айнымалы ток қуаты ажыратылған кезде (батарея зарядталмай тұрғанда): • Сары түсте жыпылықтау: Батарея заряды аз деңгейге жетті. Батарея төмен заряд деңгейіне жеткенде, батарея шамдары жылдам жыпылықтай бастайды. • Өшірулі: Батарея зарядталмайды.
(7)	Қуат қосқышы	Айнымалы ток адаптеріне қосылады.

Сол жағы

ЕСКЕРТПЕ: Компьютерге ұқсас суретті қараңыз.



Бөлік		Сипаттама
(1)	Қауіпсіздік кабелінің ұясы	Қосымша қауіпсіздік кабелін компьютерге жалғайды. **ЕСКЕРТПЕ:** Қауіпсіздік кабелі сақтандырғыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан қорғай алмауы мүмкін.
(2)	Қуат беретін USB SuperSpeed порты – немесе – USB қуат берілетін порты – немесе –	Ұялы телефон, камера, белсенділік трекері, оптикалық дискенгізгі немесе смарт сағат сияқты USB құрылғысын жалғап, оған қуат береді және деректерді жоғары жылдамдықпен беруді қамтамасыз етеді. – немесе – Ұялы телефон, камера, белсенділік трекері, оптикалық дискенгізгі немесе смарт сағат сияқты USB құрылғысын жалғап, оған қуат береді және деректер тасымалын қамтамасыз етеді.

Бөлік		Сипаттама
(3)	Желдеткіш тесік	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қосады. **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс барысында желдеткіштің біресе қосылып, біресе өшіп отыруы – қалыпты жағдай.
(4)	Жад картасын оқу құрылғысы	Ақпарат сақталатын, басқарылатын, ортақ пайдаланылатын немесе ашылатын қосымша жад карталарын оқиды. Картаны салу үшін: 1. Сандық картаның белгісі бар жағын жоғары, ал қосқыштарын компьютерге қаратып ұстаңыз. 2. Картаны жад картасын оқу құрылғысына енгізіп, нық отырғанша үстінен басыңыз. Картаны алып тастау үшін: ▲ Картаны басып, оны жад картасын оқу құрылғысынан алып тастаңыз.
(5)	Диск шамы	• Ақ түсте жыпылықтау: катты диск пайдаланылуда. • Сары: HP 3D DriveGuard қызметі қатты дискті уақытша өшіріп қояды. **ЕСКЕРТПЕ:** HP 3D DriveGuard қызметі туралы ақпаратты HP 3D DriveGuard бағдарламасын (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану (55-бет) бөлімінен қараңыз.

Дисплей

ЕСКЕРТПЕ: Компьютерге ұқсас суретті қараңыз.



Бөлік		Сипаттама
(1)	WLAN антенналары* (тек таңдаулы өнімдерде)	Сымсыз жергілікті желілермен (WLAN) байланыста болу үшін сымсыз байланыс сигналдарын жібереді және қабылдайды.
(2)	WWAN антенналары* (тек таңдаулы өнімдерде)	Сымсыз ғаламдық желімен (WWAN) байланыс жасау мақсатында сымсыз сигналдарды жібереді және қабылдайды.
(3)	Ішкі микрофондар (үлгісіне байланысты 1 немесе 2)	Дыбыс жазады.
(4)	Камера(лар) (тек таңдаулы өнімдерде)	Чатты түсіру, бейнені жазу және фотосуреттерді жазу мүмкіндігін береді. Камераны пайдалану үшін Камераны пайдалану (тек таңдаулы өнімдерде) (29-бет) бөлімін қараңыз. Кейбір камераларда құпия сөз орнына бет әлпетін тануды пайдаланып Windows амалдық жүйесіне кіруге мүмкіндік береді. Қосымша ақпаратты Windows Hello (тек таңдаулы өнімдерде) (51-бет) бөлімінен қараңыз. **ЕСКЕРТПЕ:** Камера функциялары камераның аппараттық құралына және өнімде орнатылған бағдарламалық құралға байланысты өзгеше болуы мүмкін.
(5)	Камера шамы (тек таңдаулы өнімдерде)	Қосулы: бір немесе бірнеше камера пайдалануда.

*Бұл антенналар компьютердің сыртынан көрінбейді. Жақсы таратылым үшін антенналардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз.

Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді көру үшін, мемлекетіңізде немесе аймағыңызда қолданылатын *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер* бөлімін қараңыз.

Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін:

- **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Справка и поддержка HP** (HP анықтамасы және қолдау), одан кейін **Документация HP** (HP құжаттары) тармақтарын таңдаңыз.

Пернетақта аумағы

Сенсорлы тақта



Бөлік		Сипаттама
(1)	Сенсорлы тақта аймағы	Меңзерді жылжыту немесе экрандағы элементтерді ашу үшін саусақпен орындалатын қимылдарды оқиды.
(2)	Сол жақ сенсорлы тақта түймесі	Сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігі сияқты жұмыс істейді.
(3)	Оң жақ сенсорлы тақта түймесі	Сыртқы тінтуірдің оң жақ түймешігі сияқты жұмыс істейді.

Шамдар

ЕСКЕРТПЕ: Компьютерге ұқсас суретті қараңыз.



Бөлік		Сипаттама
(1)	Қуат шамы	• Қосулы: компьютер қосулы. • Жыпылықтау: қуатты үнемдеу күйі болып табылатын «Ұйқы күйі» компьютерде қосылған. Компьютер дисплейдің және басқа да қажет емес құрамдас бөліктердің қуатын өшіреді. • Өшірулі: компьютер өшірулі немесе күту күйінде. Күту күйі — ең аз мөлшерде қуат тұтынатын қуатты үнемдеу күйі.
(2)	Caps lock шамы	Қосулы: Пернелердің барлығын бас әріпке ауыстыратын «Caps lock» пернесі басылған.
(3)	Дыбысты өшіру шамы	• Қосулы: компьютер дыбысы өшірулі. • Өшірулі: компьютер дыбысы қосулы.
(4)	Микрофон дыбысын өшіру шамы	• Қосулы: микрофон өшірулі. • Өшірулі: микрофон қосулы.
(5)	Num lk шамы	Қосулы: Num lock қосулы.
(6)	Сымсыз байланыс шамы	Қосулы: Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы және/немесе Bluetooth® құрылғысы сияқты ішкі сымсыз құрылғы қосулы. **ЕСКЕРТПЕ:** Кейбір үлгілерде барлық сымсыз құрылғылар өшірулі болғанда, сымсыз байланыс шамы сары түспен жанып тұрады.
(7)	Fn құлпы шамы	Қосулы: Fn пернесі құлыпталды.

Түймешік, үндеткіштер және саусақ ізін оқу құрылғысы

ЕСКЕРТПЕ: Компьютерге ұқсас суретті қараңыз.



Бөлік		Сипаттама
(1)	Қуат түймешігі	• Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін түймешікті басыңыз. • Компьютер қосулы болғанда, ұйқы күйін қосу үшін түймешікті тез басып қалыңыз. • Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен (тек таңдаулы өнімдерде) шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз. • Компьютер күту күйінде болған кезде, күту күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз. **ЕСКЕРТУ:** Қуат түймешігін басып тұрғанда сақталмаған ақпараттар жойылады. Компьютер жауап беруді тоқтатса және Windows жүйесінің өшіру процедуралары көмектеспесе, компьютерді өшіру үшін қуат түймешігін кем дегенде 5 секунд басып ұстап тұрыңыз. Қуат параметрлері туралы ақпаратты қуат опцияларынан қараңыз. ▲ **Индикатор питания** (Қуат көрсеткіші) белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Электропитание** (Қуат параметрлері) тармағын таңдаңыз.
(2)	Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.
(3)	Саусақ ізін оқу құрылғысы (тек таңдаулы өнімдерде)	Құпия сөзді енгізбестен, саусақ ізін пайдаланып Windows амалдық жүйесіне кіруге мүмкіндік береді. ▲ Саусақ ізін оқу құрылғысын пайдалану үшін саусағыңызды ол оқылғанша саусақ ізін оқу

Бөлік	Сипаттама
	құрылғысына қойыңыз. Толық ақпаратты Windows Hello (тек таңдаулы өнімдерде) (51-бет) бөлімінен қараңыз.

Арнайы пернелер

ЕСКЕРТПЕ: Компьютерге ұқсас суретті қараңыз.



Бөлік		Сипаттама
(1)	esc пернесі	fn пернесімен бірге басылған кезде жүйе ақпараты көрсетіледі.
(2)	fn пернесі	Басқа пернемен бірге басылғанда, жиі пайдаланылатын жүйелік функцияларды орындайды. Осындай пернелер тіркесімдері *жылдам пернелер* деп аталады.
(3)	Windows пернесі	Пуск (Бастау) мәзірін ашады. **ЕСКЕРТПЕ:** Windows пернесін қайта бассаңыз, Пуск (Бастау) мәзірі жабылады.
(4)	Әрекет пернелері	Жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындайды. Әрекет пернелері (13-бет) бөлімін қараңыз.
(5)	Енгізілген сандық пернетақта	Пернетақтаның әріптік пернелерінің үстіне басылған сандық пернетақта. fn +num lk басылған кезде, пернетақтаны сыртқы сандық пернетақта ретінде пайдалануға болады. Пернетақтадағы әр перне жоғары оң жағындағы белгішемен көрсетілген функцияны орындайды. **ЕСКЕРТПЕ:** Өшірілген компьютерде белсенді болып тұрған пернетақта функциясы компьютер қайта қосылғанда қалпына келеді.
(6)	Windows бағдарламалары пернесі (тек таңдаулы өнімдерде)	Таңдалған нысан үшін опциялар тізімін көрсетеді.
(7)	num lk пернесі	fn пернесімен бірге басылғанда, енгізілген сандық пернетақтаны қосады және сөндіреді.

Бөлік		Сипаттама
		– немесе – Орнатылған сандар пернетақтасын қосады және өшіреді. – немесе – Кірістірілген сандық пернетақтада жылжу функциясын және сандар функциясын атқарады.
(8)	Кірістірілген сандық пернетақта	Әріптік пернетақтаның оң жағында орналасқан бөлек пернетақта. num lk пернесі басылған кезде, кірістірілген пернетақтаны сыртқы сандар пернетақтасы ретінде қолдануға болады. **ЕСКЕРТПЕ:** Өшірілген компьютерде белсенді болып тұрған пернетақта функциясы компьютер қайта қосылғанда қалпына келеді.

Әрекет пернелері

Әрекет пернесі перне үстіндегі белгішемен көрсетілетін функцияны орындайды. Өнімдегі пернелерді анықтау үшін Арнайы пернелер (12-бет) бөлімін қараңыз.

▲ Әрекет пернесін пайдалану үшін оны басып ұстап тұрыңыз.

Белгіше	Сипаттама
	Басқа адамдардың жан-жақтан көруіне жол бермейді. Егер қажет болса, жарығы аз немесе қараңғы орталардың жарықтығын азайтыңыз немесе көбейтіңіз. Құпиялылық экранын өшіру үшін, пернені қайта басыңыз. **ЕСКЕРТПЕ:** Ең жоғары қауіпсіздік параметрін тез қосу үшін fn+p пернелерін басыңыз. 
	Бұл пернені басып тұрғанда экран жарықтығы қадам бойынша төмендетіледі.
	Бұл пернені басып тұрғанда, экран жарықтығы қадам бойынша жоғарылатылады.
	Пернетақтаның артқы жарықтандыру функциясын өшіреді немесе қосады. **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл мүмкіндікті батарея зарядын үнемдеу үшін өшіріңіз.
	Ықшам дискіден алдыңғы ән жолын, DVD немесе Blu-ray дискісінен (BD) алдыңғы жолды ойнатады.
	Ықшам дискіні, DVD немесе BD дискісін ойнатуды бастайды, уақытша тоқтатады немесе ойнатуды жалғастырады.

Белгіше	Сипаттама
	Аудио ықшам дискідегі келесі жолды, ал DVD немесе BD дискілерінде келесі бөлімді ойнатады.
	Ықшам дискінің, DVD немесе BD дискісінің дыбыс немесе бейне ойнатуын тоқтатады.
	Пернені басып тұрса, үндеткіштегі дыбыс деңгейі біртіндеп азаяды.
	Пернені басып тұрса, үндеткіштегі дыбыс деңгейі біртіндеп артады.
	Микрофонды үнсіздендіреді.
	Үндеткіш дыбысын өшіреді немесе қайта қосады.
	Сымсыз байланыс мүмкіндігін қосады немесе ажыратады. **ЕСКЕРТПЕ:** Сымсыз байланысты орнату үшін сымсыз желі де орнатылуы қажет.
	Сенсорлы тақтаны және сенсорлы тақта шамын қосады және өшіреді.
	Жүйеге қосылған дисплейлердің арасында экран кескінін ауыстырып көрсетеді. Мысалы, егер монитор компьютерге жалғанған болса, пернені қайта-қайта басу компьютер мен мониторда бір уақытта көрсету үшін экран кескінін компьютер дисплейінен монитор дисплейіне ауыстырады.
	Ұйқылық күйді қосады, бұл ақпаратыңызды жүйелік жадқа сақтайды. Дисплей және жүйенің басқа бөліктері өшеді, ал қуат қосулы қалады. Ұйқылық күйден шығу үшін, қуат түймешігін басып қалыңыз. **ЕСКЕРТУ:** Ақпаратты жоғалтпау үшін, ұйқылық күйді қоспас бұрын жұмысты сақтаңыз.
	Бизнеске арналған Skype бағдарламасының күнтізбесін жылдам ашуға мүмкіндік береді. **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін бизнеске арналған Skype® бағдарламасы немесе Lync® 2013 клиенті Microsoft Exchange немесе Office 365® серверлерінде орнатылған болуы тиіс.
	Экранды бөлісу мүмкіндігін қосады немесе өшіреді. **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін бизнеске арналған Skype бағдарламасы немесе Lync® 2013 клиенті Microsoft Exchange немесе Office 365 серверлерінде орнатылған болуы тиіс.
	• Қоңырауға жауап беруге мүмкіндік береді. • Бірге бір чат кезінде қоңырауды іске қосады. • Қоңырауды ұстап тұру күйіне қояды. **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін бизнеске арналған Skype бағдарламасы немесе Lync® 2013 клиенті Microsoft Exchange немесе Office 365 серверлерінде орнатылған болуы тиіс.
	• Қоңырауды аяқтайды. • Кіріс қоңырауды қабылдамайды. • Экранды бөлісуді аяқтайды. **ЕСКЕРТПЕ:** Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін бизнеске арналған Skype бағдарламасы немесе Lync® 2013 клиенті Microsoft Exchange немесе Office 365 серверлерінде орнатылған болуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ: Әрекет пернесі функциясы зауытта қосылады. Бұл мүмкіндікті ажырату үшін fn пернесін және сол жақ shift пернесін басып ұстап тұрыңыз. fn lock шамы жанады. Әрекет пернелер мүмкіндігін өшіргеннен кейін, қажет әрекетті орындау үшін тиісті әрекет пернесін fn пернесімен бірге басуға болады.

Астыңғы жағы

ЕСКЕРТПЕ: Компьютерге ұқсас суретті қараңыз.



Бөлік	Сипаттама
Желдеткіш тесік	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қосады. **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс барысында желдеткіштің біресе қосылып, біресе өшіп отыруы – қалыпты жағдай.

Жапсырмалар

Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютер алып шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін. Жапсырмалар қағаз пішінде немесе өнімде басылған күйінде болуы мүмкін.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: Осы бөлімде сипатталған жапсырмалар туралы ақпаратты алу үшін келесі орындарға қараңыз: компьютердің астыңғы жағында, батарея ұясында, қызмет көрсету есігінің астында, дисплейдің артында немесе планшеттің қайырмалы тірегінің астыңғы жағында.

- Қызмет көрсету жапсырмасы: компьютерді анықтау үшін маңызды ақпаратты береді. Қолдау қызметімен хабарласу кезінде сериялық нөмір, өнім нөмірі немесе модель нөмірі сұралуы мүмкін. Қолдау қызметімен хабарласпас бұрын, бұл ақпаратты табыңыз.

  Сервистік жапсырмалар төменде көрсетілген мысалдардың біреуіне ұқсас болады. Компьютердегі сервистік жапсырмаға ең ұқсас суретті қараңыз.



Бөлік	
(1)	HP өнімінің атауы
(2)	Модель нөмірі
(3)	Өнім коды
(4)	Сериялық нөмір
(5)	Кепілдік күшінің мерзімі



Бөлік	
(1)	HP өнімінің атауы
(2)	Өнім коды
(3)	Сериялық нөмір
(4)	Кепілдік күшінің мерзімі

- Нормативтік ақпараты бар жапсырма(лар): компьютер туралы заңдық ақпаратты береді.
- Сымсыз куәландыру белгісі(лері): қосымша сымсыз құрылғылар туралы ақпаратты және осы құрылғылардың қолданылуы мақұлданған елдер немесе аймақтардың мақұлдау таңбаларын қамтамасыз етеді.

3 Желі қосылымдары

Осы компьютермен кез келген жерге саяхаттауға болады. Алайда, компьютер мен сымсыз не сымды желі байланысын пайдаланып үйде отырып та дүние жүзін шарлап, миллиондаған веб-тораптардың ақпараттарына қол жеткізуге болады. Осы тараудағы ақпарат әлеммен байланысуға көмектеседі.

Сымсыз желіге қосылу

Компьютер келесі сымсыз құрылғылардың біреуі немесе бірнешеуімен жабдықталған болуы мүмкін:

- WLAN құрылғысы компьютерлерді корпоративті офистер, үй және әуежайлар, мейрамханалар, кафелер, қонақ үйлер және университеттер сияқты қоғамдық орындарда (әдетте, Wi-Fi желілері, сымсыз LAN немесе WLAN деп аталатын) сымсыз жергілікті желілерге қосады. WLAN желісінде компьютеріңіздегі мобильді сымсыз құрылғы сымсыз жол жоспарлағышымен немесе сымсыз кіру нүктесімен байланысады.
- HP мобильді кең жолақты желі модулі (тек таңдаулы өнімдерде) көптеген аймақтарда сымсыз байланыс орнатуға мүмкіндік беретін сымсыз ғаламдық желі (WWAN) құрылғысы болып табылады. Мобильді желі операторлары үлкен географиялық аумақтардың барлық жерінде бүкіл облыстар, аймақтар немесе тіпті ауылдардың байланыс аясына қамтылуын тиімді қамтамасыз ететін (ұялы телефон мұнаралары сияқты) базалық станцияларды орнатады.
- Bluetooth® құрылғысы – компьютерлер, телефондар, принтерлер, құлақаспаптар, үндеткіштер және камералар сияқты Bluetooth қызметі қосылған басқа құрылғыларға қосылу үшін жеке аймақ желісін (PAN) жасайды. PAN желісіндегі әр құрылғы басқа құрылғылармен тікелей байланысады және бұл құрылғылар бір-біріне біршама жақын, әдетте бір-бірінен 10 метр (шамамен 33 фут) қашықтықта болуы тиіс.

Сымсыз басқару элементтерін пайдалану

Компьютердегі сымсыз құрылғыларды мына мүмкіндіктердің бірін немесе бірнешесін пайдалана отырып басқаруға болады:

- Сымсыз байланыс түймешігі («ұшу режимі пернесі» немесе «сымсыз байланыс пернесі» де деп аталады) (осы тарауда «сымсыз байланыс түймешігі» деп аталады).
- Амалдық жүйе басқару элементтері

Сымсыз байланыс түймесі

Компьютерде сымсыз байланыс түймешігі, бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылар және бір немесе екі сымсыз байланыс шамы бар. Компьютердегі сымсыз құрылғылардың барлығы зауытта іске қосылады.

Сымсыз байланыс шамы жеке құрылғылардың емес, сымсыз құрылғылардың жалпы қуат күйін анықтайды.

Амалдық жүйе басқару элементтері

Желі және ортақ қолдану орталығы қосылымды немесе желіні орнатуға, желіге қосылуға, желі ақаулықтарын тексеруге және жөндеуге мүмкіндік береді.

Амалдық жүйенің басқару элементтерін пайдалану үшін

1. Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында `панель управления` (басқару тақтасы) сөз тіркесін жазып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) опциясын таңдаңыз.
2. **Сеть и Интернет** (Желі және Интернет) пәрменін, одан кейін **Центр управления сетями и общим доступом** (Желілер мен ортақ кіруді басқару орталығы) пәрменін таңдаңыз.

– немесе –

- Тапсырмалар тақтасындағы желі күйінің белгішесін басып, **Настройки сети и Интернета** (Желі және Интернет параметрлері) опциясын таңдаңыз.

WLAN желісіне қосылу

ЕСКЕРТПЕ: Үйде Интернет байланысын орнату кезінде, Интернет провайдерінің (ISP) есептік жазбасын орнату қажет. Интернет қызметін және модемді сатып алу үшін жергілікті Интернет провайдерімен хабарласыңыз. Интернет провайдері модем параметрлерін реттеуге, сымсыз жолжоспарлағышты модемге қосу үшін желі кабелін орнатуға және Интернет қызметін тексеруге көмектеседі.

WLAN желісіне қосылу үшін, осы қадамдарды орындаңыз:

1. WLAN құрылғысының қосулы екендігіне көз жеткізіңіз.
2. Тапсырмалар тақтасындағы желі күйінің белгішесін басып, бар желілердің біреуіне қосылыңыз.

   Егер желі қауіпсіз қосылған WLAN желісі болса, сізден желінің қауіпсіздік кілтін енгізу сұралады. Кодты енгізіп, қосылуды аяқтау үшін, **Далее** (Келесі) түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Егер WLAN тізімі көрсетілсе, сымсыз жол жоспарлағышы ауқымының немесе кіру нүктесінің сыртында болуыңыз мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ: Егер қосылғыңыз келетін WLAN жүйесі тізімде болмаса, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Тапсырмалар тақтасындағы желі күйінің белгішесін оң жақ түймешікпен басып, **Открыть настройки сети и Интернета** (Желі және Интернет параметрлерін ашу) опциясын таңдаңыз.

   – немесе –

   Тапсырмалар тақтасындағы желі күйінің белгішесін басып, **Настройки сети и Интернета** (Желі және Интернет параметрлері) опциясын таңдаңыз.
2. **Статус сети и Интернет** (Желі және Интернет күйі) бөлімде **Центр сетей и общего доступа** (Желі және бөлісу орталығы) опциясын таңдаңыз.
3. **Создание и настройка нового подключения или сети** (Жаңа қосылым немесе желіні орнату) пәрменін таңдаңыз.

   Желіні қолмен іздеуге және оған қосылуға немесе жаңа желі байланысын орнатуға мүмкіндік беретін опциялар тізімі ашылады.
3. Экрандағы нұсқауларды орындап қосылысты аяқтаңыз.

Қосылыс орнатылып болған соң, қосылыстың аты мен күйін тексеру үшін тапсырмалар тақтасының оң жақ шетіндегі хабарландыру аймағындағы желі күйінің белгішесін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ: Жұмыс ауқымы (сымсыз сигналдардың жету алыстығы) WLAN кіруіне, жол жоспарлағышын өндірушіге және басқа электрондық құрылғылардан алынған кедергілерге немесе қабырғалар және едендер сияқты құрылымды тосқауылдарға байланысты болады.

HP Мобильді кең жолақты модулін пайдалану (тек таңдаулы өнімдерде)

HP мобильді кең жолақты компьютеріңізде кең ауқымды мобильді қызметке қолдау көрсетілген. Жаңа компьютерді мобильді оператордың желісімен пайдаланғанда Интернетке қосылу, электрондық пошта жіберу немесе корпоративтік желіге қосылу Wi-Fi жылдам қосылу нүктесінсіз мүмкін болады.

Мобильді байланыстың кең жолақты қызметін іске қосу үшін, HP мобильді байланыстың кең жолақты желі модулінің IMEI және/немесе MEID нөмірі керек болуы мүмкін. Нөмір компьютердің түбіндегі батарея орнының ішінде, қызмет көрсету үшін ашатын есіктің астында немесе дисплейдің артында компьютердің төменгі жағында орналасқан жапсырмаға басылған.

– немесе –

1. Тапсырмалар тақтасындағы желі күйінің белгішесін басыңыз.
2. **Параметры сети и Интернет** (Желі және интернет параметрлері) опциясын таңдаңыз.
3. **Параметры сети и Интернет** (Желі және интернет параметрлері) бөлімінің астындағы **Мобильный** (Ұялы) параметрін, кейін **Дополнительные опции** (Қосымша опциялар) параметрін таңдаңыз.

Кейбір мобильді желі операторлары SIM картасын пайдалануды талап етеді. SIM картасында жеке идентификациялық нөмір (PIN), сондай-ақ желі туралы ақпарат сияқты жалпы ақпарат қамтылады. Кейбір компьютерлерге SIM картасы алдын ала орнатылады. Егер SIM картасы алдын ала орнатылмаған болса, ол компьютермен бірге берілетін HP мобильді кең жолақты байланыс ақпаратының ішінде берілуі мүмкін немесе мобильді желі операторы оны компьютерден бөлек беруі мүмкін.

HP мобильді кең жолақты модулі туралы және таңдаулы мобильді желілер операторы арқылы қызметті іске қосу әдісі туралы мәліметтер алу үшін, компьютерге енгізілген HP мобильді кең жолақты модулі туралы ақпаратты қараңыз.

GPS пайдалану (тек таңдаулы өнімдерде)

Компьютерде GPS (Ғаламдық орынды анықтау жүйесі) құрылғысы орнатылуы мүмкін. GPS спутниктері орналасу, жылдамдық және бағдарлар туралы ақпаратты GPS стандартымен жабдықталған жүйелерге жібереді.

GPS мүмкіндігін қосу үшін орналасқан орынның Windows жүйесінің құпиялылық параметрлері астынан қосылғанына көз жеткізіңіз.

1. Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында `местоположение` (орналасқан орны) деп теріп, **Параметры конфиденциальности сведений о местонахождении** (Орынның құпиялылық параметрлері) опциясын таңдаңыз.
2. Орынның параметрлерін пайдалану үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Bluetooth сымсыз құрылғыларын пайдалану (тек таңдаулы өнімдерде)

Bluetooth құрылғысы әдетте мына электрондық құрылғыларды байланыстыратын физикалық кабель қосылымдарын ауыстыратын қысқа ауқымды сымсыз байланыстарды қамтамасыз етеді.

- Компьютерлер (жұмыс үстелі, ноутбук)
- Телефондар (ұялы, сымсыз, смартфон)
- Сурет түсіретін құрылғылар (принтер, камера)

- Дыбыстық құрылғылар (гарнитура, үндеткіштер)
- Тінтуір
- Сыртқы пернетақта

Bluetooth құрылғыларын қосу

Bluetooth құрылғысын пайдаланбас бұрын Bluetooth қосылысын орнату қажет.

1. Тапсырмалар тақтасының іздеу терезесінде `bluetooth` сөзін теріп, **Bluetooth и другие параметры устройства** (Bluetooth және құрылғының басқа параметрлері) тармағын таңдаңыз.
2. Егер ол әлі қосылмаған болса, Bluetooth мүмкіндігін қосыңыз.
3. **Добавление Bluetooth или другого устройства** (Bluetooth немесе басқа құрылғыны қосу) тармағын таңдаңыз, одан кейін **Добавить устройство** (Құрылғыны қосу) тілқатысу терезесінде **Bluetooth** опциясын таңдаңыз.
4. Құрылғыңызды тізімнен таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Құптау қажет болса, жұптастыру коды көрсетіледі. Жұптастыру коды мен құрылғыңыздың кодының сәйкес болуын тексеру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін, құрылғымен бірге берілген құжаттарды қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Құрылғыңыз тізімде болмаса, сол құрылғыдағы Bluetooth мүмкіндігінің қосулы екенін тексеріңіз. Кейбір құрылғылардың қосымша талаптары болуы мүмкін. Құрылғымен бірге берілген құжаттарды қараңыз.

NFC мүмкіндігін ақпаратты бөлісу үшін пайдалану (тек таңдаулы өнімдерде)

Компьютеріңіз NFC қолдауы бар екі құрылғы арасында ақпаратты сымсыз ортақ пайдалану мүмкіндігін беретін NFC технологиясына қолдау көрсетеді. Ақпарат телефон немесе құрылғының антеннасын компьютердің түрту аймағымен (антеннамен) түрту арқылы тасымалданады. NFC және қолдау көрсетілетін бағдарламалар арқылы веб-тораптарды ортақ пайдалануға, контактілер ақпаратын тасымалдауға, төлемдерді аударуға және NFC функциясы қосылған принтерлерде басып шығаруға болады.

ЕСКЕРТПЕ: Компьютердегі түрту аймағын табу үшін Бөліктер (4-бет) бөлмесін қараңыз.

Ортақ пайдалану

1. NFC функциясының іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
   a. Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында `беспроводное` (сымсыз) деп теріп, **Включение и отключение беспроводных устройств** (Сымсыз құрылғыларды қосу немесе өшіру) опциясын таңдаңыз.
   ә. NFC мүмкіндігінің **Вкл** (Қосулы) параметрінің таңдалғанына көз жеткізіңіз.
2. NFC түрту аймағын NFC функциясы қосылған құрылғымен түртіңіз. Құрылғылар қосылған кезде дыбыс естілуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ: Басқа NFC құрылғысындағы антенна орнын табу үшін құрылғы нұсқауларын қараңыз.

3. Экрандағы кез келген нұсқауларды орындап әрекетті жалғастырыңыз.

Сымды желіге қосылу

Таңдаулы өнімдерде сымды байланыс қосылымдары жұмыс істеуі мүмкін: жергілікті желі (LAN) және модем арқылы қосу. LAN байланысы желі кабелін пайдаланады және телефон кабелін пайдаланатын модемнен жылдамдығы жоғарырақ. Кабельдің екі түрі де бөлек сатылады.

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогының соғуы, өрт шығуы немесе жабдыққа зиян келтіру қатерінен аулақ болу үшін, модем кабелін немесе телефон кабелін RJ-45 (желі) ұясына жалғамаңыз.

Жергілікті желіге (LAN) қосылу (тек таңдаулы өнімдерде)

Компьютерді тікелей үйдегі жол жоспарлағышқа (сымсыз жұмыс істеудің орнына) немесе офистегі бұрыннан бар желіге қосу керек болса, LAN байланысын пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Компьютерде HP LAN-Wireless Protection деп аталатын мүмкіндік қосулы болуы мүмкін. Құрылғы LAN желісіне тура қосылған кезде, сымсыз (Wi-Fi) байланыс немесе WWAN өшіріледі. HP LAN-Wireless Protection мүмкіндігі туралы қосымша ақпаратты HP LAN-Wireless Protection мүмкіндігін (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану (21-бет) бөлімінен қараңыз.

Компьютердегі RJ-45 порты жоқ болса, LAN желісіне қосылу үшін 8 істікшелі RJ-45 желілік кабелі, қосымша қондыру құрылғысы немесе кеңейту құралы қажет етіледі.

Желі кабелін қосу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Желі кабелін компьютер, қосымша қондыру құрылғысы немесе кеңейту құралындағы желі ұясына **(1)** жалғаңыз.
2. Желілік кабелдің екінші ұшын желінің қабырға ұясына **(2)** немесе жол жоспарлағышқа жалғаңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Желі кабелінің теледидар мен радио кедергілерінен қорғайтын кедергілерді басу схемасы **(3)** бар болса, кабельдің осы схема орналасқан ұшын компьютерге қарай бағыттаңыз.



HP LAN-Wireless Protection мүмкіндігін (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану

LAN ортасында LAN желісін рұқсатсыз кіруден қорғау үшін HP LAN-Wireless Protection мүмкіндігінің параметрлерін орнатуға болады. HP LAN-Wireless Protection қосылған кезде, LAN желісіне тікелей қосылған компьютерде WLAN (Wi-Fi) немесе WWAN қызметі өшіріледі.

HP LAN-Wireless Protection мүмкіндігін қосу және параметрлерді реттеу

1. Желі кабелін компьютер, қосымша қондыру құрылғысы немесе кеңейту құралындағы желі ұясына жалғаңыз.
2. Computer Setup (Компьютерді орнату) утилитасын бастаңыз.
   - Пернетақтасы бар компьютерлер немесе планшеттерді пайдалану кезінде:
     ▲ Computer Setup утилитасын ашу үшін, компьютерді қосыңыз немесе компьютерді өшіріп қайта іске қосыңыз және HP логотипі экранға шыққанда f10 пернесін басыңыз.
   - Пернетақтасы жоқ планшеттерді пайдалану кезінде:
     ▲ Планшетті қосып немесе өшіріп қайта бастаңыз және Бастау мәзірі экранға шыққанша дыбысты азайту түймесін тез басып ұстап тұрыңыз. Computer Setup утилитасына кіру үшін **f10** пернесін түртіңіз.
3. **Advanced** (Қосымша), одан кейін **Built-in Device Options** (Кірістірілген құрылғы параметрлері) пәрмендерін таңдаңыз.
4. LAN желісіне қосылған кезде, WLAN және (немесе) WWAN қосылыстарын өшіру үшін **LAN/WLAN Auto Switching** (LAN/WLAN автоматты ауысу) және (немесе) **LAN/WWAN Auto Switching** (LAN/WWAN автоматты ауысу) құсбелгісін қойыңыз.
5. Енгізілген өзгерістерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін **Main** (Негізгі), **Save Changes and Exit** (Өзгерістерді сақтап шығу) опциясын таңдаңыз, одан кейін **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Тармақтарды таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып жатсаңыз, enter пернесін басыңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

Компьютерді желіде анықтау үшін HP MAC Address Pass Through жүйесін (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану

HP MAC Address Pass Through жүйесі компьютерді және оның желідегі коммуникациясын анықтаудың реттелетін жолын қамтамасыз етеді. Жүйелік MAC мекенжайы көмегімен Ethernet адаптері арқылы желіге қосылған компьютерді анықтауға болады. Бұл мекенжай әдепкі параметрлер бойынша қосылған.

MAC Address Pass Through параметрлерін реттеу

1. Computer Setup (Компьютерді орнату) утилитасын бастаңыз.
   - Пернетақтасы бар компьютерлер немесе планшеттерді пайдалану кезінде:
     ▲ Computer Setup утилитасын ашу үшін, компьютерді қосыңыз немесе компьютерді өшіріп қайта іске қосыңыз және HP логотипі экранға шыққанда f10 пернесін басыңыз.
   - Пернетақтасы жоқ планшеттерді пайдалану кезінде:
Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

BIOS әкімші құпия сөзін енгізу

BIOS әкімші құпия сөзін енгізу сұралған кезде, құпия сөзіңізді (құпия сөзді орнатқанда басылған бірдей пернелерді пайдалану арқылы) теріңіз, одан кейін enter пернесін басыңыз. BIOS әкімші құпия сөзін енгізудің екі сәтсіз әрекетінен кейін компьютерді өшіріп қайта бастаңыз және әрекетті қайталаңыз.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін DriveLock опцияларын қолдану

DriveLock – қатты дискі мазмұндарына рұқсатсыз енуден қорғауға арналған. DriveLock компьютердің ішкі қатты дискі(лері)не қолдануға ғана жарамды. DriveLock дискіні қорғауға қолданылса, дискіге кіру үшін тиісті құпия сөзді енгізу қажет болады. Бұғатсыздандыру үшін диск компьютерге немесе жетілдірілген порт репликаторына енгізілуі қажет.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін DriveLock опциялары келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- **Автоматты DriveLock**: Автоматты DriveLock мүмкіндігін таңдау (тек таңдаулы өнімдерде) (46-бет) бөлімін қараңыз.
- **DriveLock негізгі құпия сөзін орнату**: DriveLock қолмен таңдау (48-бет) бөлімін қараңыз.
- **DriveLock құралын қосу**: DriveLock мүмкіндігін қосу және DriveLock пайдаланушы құпия сөзін орнату (49-бет) бөлімін қараңыз.

Автоматты DriveLock мүмкіндігін таңдау (тек таңдаулы өнімдерде)

Автоматты DriveLock мүмкіндігін қоспас бұрын BIOS әкімші құпия сөзі орнатылуы тиіс. Автоматты DriveLock мүмкіндігі қосылған кезде, кездейсоқ DriveLock пайдаланушылық құпия сөзі және BIOS әкімші құпия сөзіне негізделген DriveLock басты құпия сөзі жасалады. Компьютер қосылғанда, кездейсоқ пайдаланушы құпия сөзі дискті автоматты түрде бұғатсыздандырады. Диск басқа компьютерге жылжытылған болса, дискті бұғатсыздандыру үшін, DriveLock құпия сөзін енгізу сұралғанда бастапқы компьютердегі BIOS әкімші құпия сөзін енгізу қажет.

DriveLock мүмкіндігін қосу

Автоматты DriveLock мүмкіндігін қосу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Computer Setup (Компьютерді орнату) утилитасын бастаңыз.

   - Пернетақтасы бар компьютерлер немесе планшеттерді пайдалану кезінде:

     1. Компьютерді өшіріңіз.
     2. Computer Setup утилитасын ашу үшін, қуат түймесін басыңыз және HP логотипі экранға шыққанда f10 пернесін басыңыз.

   - Пернетақтасы жоқ планшеттерді пайдалану кезінде:

1. Планшетті өшіріңіз.
2. Бастау мәзірі экранға шыққанша, қуат түймесін дыбыс деңгейін азайту түймешігімен бірге басыңыз, одан кейін Computer Setup утилитасын ашу үшін **f10** пернесін басыңыз.

2. BIOS әкімші құпия сөзін енгізу сұралғанда, BIOS әкімші құпия сөзін енгізіп, enter пернесін басыңыз.
3. **Security** (Қауіпсіздік) опциясын, **Hard Drive Utilities** (Қатты диск утилиталары) опциясын, **DriveLock/Automatic DriveLock** (DriveLock/Автоматты DriveLock) опциясын таңдаңыз, одан кейін enter пернесін басыңыз.
4. enter пернесі мен тінтуірдің сол жақ түймешігін басу немесе сенсорлы экранды пайдалану арқылы **Automatic DriveLock** (Автоматты DriveLock) құсбелгісін қойыңыз.
5. Енгізілген өзгерістерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін **Main** (Негізгі), **Save Changes and Exit** (Өзгерістерді сақтап шығу) опциясын таңдаңыз, одан кейін **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Тармақтарды таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып жатсаңыз, enter пернесін басыңыз.

Автоматты DriveLock құралын ажырату

Автоматты DriveLock мүмкіндігін ажырату үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Computer Setup (Компьютерді орнату) утилитасын бастаңыз.
   - Пернетақтасы бар компьютерлер немесе планшеттерді пайдалану кезінде:
     1. Компьютерді өшіріңіз.
     2. Computer Setup утилитасын ашу үшін, қуат түймесін басыңыз және HP логотипі экранға шыққанда f10 пернесін басыңыз.
   - Пернетақтасы жоқ планшеттерді пайдалану кезінде:
     1. Планшетті өшіріңіз.
     2. Бастау мәзірі экранға шыққанша, қуат түймесін дыбыс деңгейін азайту түймешігімен бірге басыңыз, одан кейін Computer Setup утилитасын ашу үшін **f10** пернесін басыңыз.
2. BIOS әкімші құпия сөзін енгізу сұралғанда, BIOS әкімші құпия сөзін енгізіп, enter пернесін басыңыз.
3. **Security** (Қауіпсіздік) опциясын, **Hard Drive Utilities** (Қатты диск утилиталары) опциясын, **DriveLock/Automatic DriveLock** (DriveLock/Автоматты DriveLock) опциясын таңдаңыз, одан кейін enter пернесін басыңыз.
4. Ішкі қатты дискті таңдаңыз, содан кейін enter пернесін басыңыз.
5. enter пернесі мен тінтуірдің сол жақ түймешігін басу немесе сенсорлы экранды пайдалану арқылы **Automatic DriveLock** (Автоматты DriveLock) құсбелгісін алыңыз.
6. Енгізілген өзгерістерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін **Main** (Негізгі), **Save Changes and Exit** (Өзгерістерді сақтап шығу) опциясын таңдаңыз, одан кейін **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Тармақтарды таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып жатсаңыз, enter пернесін басыңыз.

Автоматты DriveLock құпия сөзін енгізу

Егер автоматты DriveLock мүмкіндігі қосулы және диск бастапқы компьютерге жалғанған күйінде қалса, дискті бұғатсыздандыру үшін DriveLock құпия сөзін енгізу нұсқауы берілмейді. Дегенмен, егер

диск басқа компьютерге жылжытылған болса немесе бастапқы компьютердегі жүйелік тақта ауыстырылған болса, DriveLock құпия сөзін енгізу нұсқауы беріледі.

Егер аталған жағдай орын алса, дискті бұғатсыздандыру үшін **DriveLock құпия сөзін** енгізу сұралған кезде, бастапқы компьютердің BIOS әкімші құпия сөзін (құпия сөзді орнатқанда бірдей басылған пернелерді пайдалану арқылы) теріңіз, одан кейін enter пернесін басыңыз.

Құпия сөз енгізудің үш сәтсіз әрекетінен кейін компьютерді өшіріп қайта бастаңыз және әрекетті қайталаңыз.

DriveLock қолмен таңдау

⚠ **ЕСКЕРТУ:** DriveLock арқылы қорғалған қатты дискінің қолдануға мүлдем жарамсыз болып қалуын болдырмау үшін, DriveLock пайдаланушы құпия сөзі мен DriveLock негізгі құпия сөзін компьютерден қашық сенімді бір жерге сақтап қойыңыз. Егер DriveLock құпия сөздерінің екеуін де ұмытып қалсаңыз, қатты диск мүлдем жабылып қалады және оны қолдану мүмкін болмайды.

DriveLock құлпын ішкі қатты дискіге қолмен қолдану үшін негізгі құпия сөзді орнату және Computer Setup құралында DriveLock мүмкіндігін қосу қажет. DriveLock құлпын қолдану үшін, келесі нәрселерді ескеру қажет:

- Қатты диск DriveLock құралы арқылы қорғалған соң, қатты дискіге тек қана DriveLock пайдаланушы құпия сөзі немесе негізгі құпия сөз арқылы ғана кіру мүмкін болады.
- DriveLock пайдаланушы құпия сөзінің иесі қорғалған қатты дискінің күнделікті пайдаланушысы болуы тиіс. DriveLock негізгі құпия сөзінің иесі жүйе әкімшісі немесе күнделікті пайдаланушы болуы мүмкін.
- DriveLock пайланушы құпия сөзі және DriveLock негізгі құпия сөзі бірдей болуы мүмкін.

DriveLock басты құпия сөзін тағайындау

DriveLock құралының басты құпия сөзін орнату үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Computer Setup (Компьютерді орнату) утилитасын бастаңыз.
   - Пернетақтасы бар компьютерлер немесе планшеттерді пайдалану кезінде:
     1. Компьютерді өшіріңіз.
     2. Computer Setup утилитасын ашу үшін, қуат түймесін басыңыз және HP логотипі экранға шыққанда f10 пернесін басыңыз.
   - Пернетақтасы жоқ планшеттерді пайдалану кезінде:
     1. Планшетті өшіріңіз.
     2. Бастау мәзірі экранға шыққанша, қуат түймесін дыбыс деңгейін азайту түймешігімен бірге басыңыз, одан кейін Computer Setup утилитасын ашу үшін **f10** пернесін басыңыз.
2. **Security** (Қауіпсіздік) опциясын таңдаңыз, **Hard Drive Utilities** (Қатты диск утилиталары) таңдауын жасаңыз, **DriveLock/Automatic DriveLock** (DriveLock/Автоматты DriveLock) опциясын таңдап, enter пернесін басыңыз.
3. Қорғалатын қатты дискіні таңдаңыз және enter пернесін басыңыз.
4. **Set DriveLock Master Password** (DriveLock құралының басты құпия сөзін тағайындау) опциясын таңдаңыз, одан кейін enter пернесін басыңыз.
5. Ескерту хабарын мұқият оқып шығыңыз.
6. DriveLock басты құпия сөзін орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Computer Setup утилитасынан шықпас бұрын DriveLock мүмкіндігін қосуға және DriveLock пайдаланушы құпия сөзін орнатуға болады. Қосымша ақпаратты DriveLock мүмкіндігін қосу және DriveLock пайдаланушы құпия сөзін орнату (49-бет) бөлімінен қараңыз.

7. Енгізілген өзгерістерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін **Main** (Негізгі), **Save Changes and Exit** (Өзгерістерді сақтап шығу) опциясын таңдаңыз, одан кейін **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Тармақтарды таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып жатсаңыз, enter пернесін басыңыз.

DriveLock мүмкіндігін қосу және DriveLock пайдаланушы құпия сөзін орнату

DriveLock мүмкіндігін қосу және DriveLock пайдаланушы құпия сөзін орнату үшін, мына қадамдарды орындаңыз:

1. Computer Setup (Компьютерді орнату) утилитасын бастаңыз.
   - Пернетақтасы бар компьютерлер немесе планшеттерді пайдалану кезінде:
     1. Компьютерді өшіріңіз.
     2. Computer Setup утилитасын ашу үшін, қуат түймесін басыңыз және HP логотипі экранға шыққанда f10 пернесін басыңыз.
   - Пернетақтасы жоқ планшеттерді пайдалану кезінде:
     1. Планшетті өшіріңіз.
     2. Бастау мәзірі экранға шыққанша, қуат түймесін дыбыс деңгейін азайту түймешігімен бірге басыңыз, одан кейін Computer Setup утилитасын ашу үшін **f10** пернесін басыңыз.
2. **Security** (Қауіпсіздік) опциясын, **Hard Drive Utilities** (Қатты диск утилиталары) опциясын, **DriveLock/Automatic DriveLock** (DriveLock/Автоматты DriveLock) опциясын таңдаңыз, одан кейін enter пернесін басыңыз.
3. Қорғалатын қатты дискіні таңдаңыз және enter пернесін басыңыз.
4. **Enable DriveLock** (DriveLock құралын қосу) пәрменін таңдаңыз және enter пернесін басыңыз.
5. Ескерту хабарын мұқият оқып шығыңыз.
6. DriveLock пайдаланушы құпия сөзін орнату және DriveLock мүмкіндігін қосу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
7. Енгізілген өзгерістерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін **Main** (Негізгі), **Save Changes and Exit** (Өзгерістерді сақтап шығу) опциясын таңдаңыз, одан кейін **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Тармақтарды таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып жатсаңыз, enter пернесін басыңыз.

DriveLock құралын ажырату

1. Computer Setup (Компьютерді орнату) утилитасын бастаңыз.
   - Пернетақтасы бар компьютерлер немесе планшеттерді пайдалану кезінде:
     1. Компьютерді өшіріңіз.
     2. Computer Setup утилитасын ашу үшін, қуат түймесін басыңыз және HP логотипі экранға шыққанда f10 пернесін басыңыз.

- Пернетақтасы жоқ планшеттерді пайдалану кезінде:

  1. Планшетті өшіріңіз.

  2. Бастау мәзірі экранға шыққанша, қуат түймесін дыбыс деңгейін азайту түймешігімен бірге басыңыз, одан кейін Computer Setup утилитасын ашу үшін **f10** пернесін басыңыз.

2. **Security** (Қауіпсіздік) опциясын, **Hard Drive Utilities** (Қатты диск утилиталары) опциясын, **DriveLock/Automatic DriveLock** (DriveLock/Автоматты DriveLock) опциясын таңдаңыз, одан кейін enter пернесін басыңыз.
3. Басқарылатын қатты дискіні таңдаңыз, одан кейін enter пернесін басыңыз.
4. **Disable DriveLock** (DriveLock құралын ажырату) опциясын таңдаңыз, одан кейін enter пернесін басыңыз.
5. DriveLock бағдарламалық құралын өшіру үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
6. Енгізілген өзгерістерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін **Main** (Негізгі), **Save Changes and Exit** (Өзгерістерді сақтап шығу) опциясын таңдаңыз, одан кейін **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Тармақтарды таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып жатсаңыз, enter пернесін басыңыз.

DriveLock құпия сөзін енгізу

Қатты дискінің компьютерге енгізілгенін қадағалаңыз (қосымша оптикалық құралға немесе сыртқы MultiBay құралына емес).

DriveLock құпия сөзін енгізу сұралған кезде, DriveLock пайдаланушылық немесе негізгі құпия сөзіңізді (құпия сөзді орнатқанда бірдей басылған пернелерді пайдалану арқылы) теріңіз, одан кейін enter пернесін басыңыз.

Құпия сөз енгізудің үш сәтсіз әрекетінен кейін компьютерді өшіріп қайта бастаңыз және әрекетті қайталаңыз.

DriveLock құпия сөзін өзгерту

Computer Setup утилитасында DriveLock құпия сөзін өзгерту үшін төменде берілген қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді өшіріңіз.
2. Қуат түймешігін басыңыз.
3. **DriveLock Password** (DriveLock құпия сөзін енгізу) сұралғанда, DriveLock құралының өзгертіліп жатқан ағымдағы пайдаланушы құпия сөзін немесе басты құпия сөзін теріңіз, enter пернесін басыңыз және Computer Setup утилитасын ашу үшін f10 пернесін басыңыз немесе түртіңіз.
4. **Security** (Қауіпсіздік) опциясын, **Hard Drive Utilities** (Қатты диск утилиталары) опциясын, **DriveLock/Automatic DriveLock** (DriveLock/Автоматты DriveLock) опциясын таңдаңыз, одан кейін enter пернесін басыңыз.
5. Басқарылатын қатты дискіні таңдаңыз, одан кейін enter пернесін басыңыз.
6. Өзгертілетін DriveLock құпия сөзін өзгертіңіз, одан кейін құпия сөздерді енгізуге арналған экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ: **Change DriveLock Master Password** (DriveLock құралының негізгі құпия сөзін өзгерту) опциясы DriveLock негізгі құпия сөзі DriveLock құралының құпия сөзін 3-қадамда енгізу сұралған кезде енгізілгенде ғана көрінеді.

7. Енгізілген өзгерістерді сақтап, Computer Setup утилитасынан шығу үшін **Main** (Негізгі), **Save Changes and Exit** (Өзгерістерді сақтап шығу) опциясын таңдаңыз, одан кейін **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Тармақтарды таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып жатсаңыз, enter пернесін басыңыз.

Windows Hello (тек таңдаулы өнімдерде)

Саусақ ізін оқу құрылғысымен немесе қосымша инфрақызыл камерамен жабдықталған өнімдерде Microsoft Hello мүмкіндігі көмегімен жүйеге саусақты сырғыту немесе камераға қарау арқылы кіруге болады.

Windows Hello орнату үшін

1. **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Параметры** (Параметрлер) пәрменін және **Учетные записи** (Есептік жазбалар) параметрін таңдаңыз, одан кейін **Параметры входа** (Кіру параметрлері) пәрменін таңдаңыз.
2. Құпия сөзді қосу үшін **Добавить** (Қосу) пәрменін таңдаңыз.
3. **Начало работы** (Алғашқы жұмыс) опциясын таңдаңыз, одан кейін саусақ ізін немесе бетіңіздің идентификациялық кодын тіркеу және PIN кодын орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ: PIN ұзындығы шектелмейді. Әдепкі параметр бойынша сандар ғана қолданылады. Әріптерді немесе ерекше таңбаларды пайдалану үшін **Включить буквы и символы** (Әріптер мен таңбалардан тұрады) құсбелгісін қойыңыз.

Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану

Компьютерді электрондық поштаға, желіге немесе Интернетке кіру үшін қолданғанда, ол компьютер вирустары қаупіне ұшырауы мүмкін. Компьютер вирустары амалдық жүйені, бағдарламаларды немесе утилиталарды өшіріп, олардың қалыпсыз жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.

Вирусқа қарсы бағдарламалық құрал вирустардың көбін тауып жоя алады, сондай-ақ, көбінесе олардың келтірген зиян салдарын шешеді. Жаңа пайда болған вирустардан уақытымен қорғауды қамтамасыз ету үшін вирусқа қарсы бағдарлама жаңартылып отыруы керек.

Компьютеріңізде Windows Defender алдын ала орнатылған. Компьютерді жан-жақты қорғау үшін вирусқа қарсы бағдарламаны қолдануды жалғастыруға кеңес беріледі.

Компьютер вирустары туралы қосымша ақпаратты HP Support Assistant бағдарламасынан қараңыз.

Желіаралық қалқан бағдарламалық құралын пайдалану

Желіаралық қалқан жүйені немесе желіні рұқсатсыз пайдаланудан қорғау үшін жасалған. Желіаралық қалқан компьютерге және/немесе желіге орнатылатын бағдарламалық құрал немесе аппараттық және бағдарламалық құралдың екеуін де қорғайтын шешім болуы мүмкін.

Екі түрлі желіаралық қалқанның ішінен таңдауға болады:

- Хостқа негізделген желіаралық қалқан — тек орнатылған компьютерді қорғайтын бағдарламалық құрал.
- Желіге негізделген желіаралық қалқандар — DSL немесе кабельдік модемнің және үй желісінің арасына орнатылып, желідегі барлық компьютерлерді қорғайды.

Желіаралық қалқан орнатылғаннан соң жүйеге және жүйеден жіберілген барлық деректер тексеріліп пайдаланушы анықтаған қауіпсіздік белгілері бойынша салыстырылады. Осы белгілерге сәйкес келмейтін кез келген деректер құрсауланады.

Компьютеріңізде немесе желілік жабдығыңызда желіаралық қалқан орнатылып қойылған болуы мүмкін. Егер олай болмаса, желіаралық қалқан бағдарламалық құралын орнатуға болады.

ЕСКЕРТПЕ: Кейбір жағдайларға байланысты қалқан Интернет ойындарына кіруді құрсаулауы, желідегі принтерге немесе файлды ортақ пайдалануға кедергі келтіруі немесе рұқсаты бар электрондық пошта тіркемелерін құрсаулауы мүмкін. Мәселені уақытша шешу үшін, желіаралық қалқанды уақытша өшіріп, орындалатын тапсырманы орындаңыз да, желіаралық қалқанды қайта қосыңыз. Ақаулықты толық шешу үшін, қалқанның параметрлерін қайта реттеңіз.

Бағдарламалық құрал жаңартуларын орнату

Қауіпсіздік мәселелерін шешу және бағдарламалық құрал жұмысын жақсарту үшін, компьютерге орнатылған HP компаниясының, Windows амалдық жүйесінің және үшінші тарап бағдарламалық құралдарын үнемі жаңартып жүріңіз.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: Microsoft корпорациясы қауіпсіздік жаңартулары қамтуы мүмкін болатын Windows жаңартулары бар екені туралы ескертеді. Компьютерді қауіпсіздік бұзудан және компьютер вирустарынан қорғау үшін, ескертулерді алғаннан кейін мүмкіндігінше тез Microsoft компаниясынан барлық жаңартуларды орнатыңыз.

Бұл жаңартуларды автоматты түрде орнатуға болады.

Параметрлерді көру немесе өзгерту үшін:

1. **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Параметры** (Параметрлерді) пәрменін және **Обновление и безопасность** (Жаңарту және қауіпсіздік) пәрменін таңдаңыз.
2. **Windows Update** белгішесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Жаңартулар орнатуды бір уақытта жоспарлау үшін **Дополнительные опции** (Қосымша опциялар) параметрін таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

HP Client Security бағдарламасын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

HP Client Security бағдарламалық құралы компьютерде алдын ала орнатылып келеді. Осы бағдарламалық құралға тапсырмалар тақтасының немесе Windows басқару тақтасының оң жақ шетіндегі HP Client Security белгішесі арқылы қатынасуға болады. Оның қауіпсіздік мүмкіндіктері компьютер, желілер мен өте маңызды деректерге рұқсатсыз кіруден қорғайды. Қосымша ақпаратты HP Client Security бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

HP Device as a Service (HP құрылғысын қызмет ретінде) (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану

HP DaaS құралы бизнеске компания активтерін тиімді басқаруға және қорғауға мүмкіндік беретін бұлттық технологияларға негізделген АТ шешімі болып табылады. HP DaaS бағдарламалық құралы зиянды бағдарламалардан және басқа шабуылдардан қорғайды, құрылғының жұмысқа қабілеттілігін бақылайды және сізге құрылғы мен қауіпсіздік мәселелерін шешуге жұмсалатын уақытты азайтуға мүмкіндік береді. Бағдарламалық құралды жылдам жүктеп орнатуға болады, бұл өзіндік стандартты шешімдермен салыстырғанда қаржы тарапынан тиімді екен. Қосымша ақпарат алу үшін https://www.hptouchpointmanager.com/ веб-бетіне өтіңіз.

Қосымша қауіпсіздік кабелін пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Қауіпсіздік кабелі (бөлек сатылады) сақтандырғыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан қорғай алмауы мүмкін. Қауіпсіздік кабелін компьютерге қосу үшін, құрылғы өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.

Саусақ ізін оқу құрылғысын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Ішкі саусақ ізін оқу құрылғылары тек таңдаулы үлгілерде қолжетімді болады. Саусақ ізін оқу құрылғысын қолдану үшін, саусағыңыздың таңбасын HP Client Security бағдарламасының Credential Manager құралы тіркеуіңіз қажет. HP Client қауіпсіздік бағдарламасының анықтамалық қызметіне жүгініңіз.

Саусақ ізін Credential Manager құралында тіркегеннен кейін, қолдау көрсетілетін веб-тораптарда және бағдарламаларда пайдаланушы аттары мен құпия сөздерін сақтау және жазу үшін, HP Client Security бағдарламасының Password Manager құралын пайдалана аласыз.

Саусақ ізін оқу құрылғысының орналасуы

Саусақ ізін оқу құрылғысы компьютердің төмендегі жерлерінде орналасқан кішкендей темір сенсор:

- Сенсорлы тақтаның төменгі жағының қасында
- Пернетақтаның оң жағында
- Дисплейдің үстіңгі оң жағында
- Дисплейдің сол жағында
- Дисплейдің артқы жағында

Өнімнің үлгісіне қарай саусақ ізін оқу құрылғысы көлденеңінен немесе ұзынынан орналасуы мүмкін.

8 Күтім

Компьютерді оңтайлы күйде сақтау үшін, оған жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету маңызды болып табылады. Бұл тарауда Дискіні дефрагментациялау және Дискіні тазалау құралдарын пайдалану жолдары түсіндіріледі. Сонымен қатар, бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту нұсқаулары, компьютерді тазалау жөнінде қадамдар және компьютерді сапарға алып шығуға (немесе оны тасымалдауға) арналған кеңестер қамтамасыз етіледі.

Компьютер жұмысын жақсарту

Жүйелі түрде қызмет көрсету тапсырмаларын Дефрагментация диска (Дискіні дефрагментациялау) және Очистка диска (Дискіні тазалау) сияқты құралдар көмегімен орындау арқылы компьютердің жұмысын өзгертуге болады.

Дискіні дефрагментациялау құралын пайдалану

HP компаниясы қатты дискіңізді кем дегенде айына бір рет дефрагментациялау үшін Дефрагментация диска (Дискіні дефрагментациялау) құралын пайдалануды ұсынады.

ЕСКЕРТПЕ: Дискіні дефрагментациялау құралын жартылай өткізгіш диск жетектерінде істету қажет емес.

Дискіні дефрагментациялау құралын іске қосу:

1. Компьютерді айнымалы ток көзіне қосыңыз.
2. Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында `дефрагментация` (дефрагментациялау) сөзін жазып, **Дефрагментация и оптимизация ваших дисков** (Дискілерді дефрагментациялау және оңтайландыру) бағдарламасын таңдаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін, дискіні дефрагментациялау бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

Дискіні тазалау құралын пайдалану

Қатты дискідегі орынды босатып, компьютер жұмысының тиімділігін арттыру және қатты дискіден еш қауіпсіз жоюға болатын файлдарды іздеп табу үшін Очистка диска (Дискіні тазалау) құралын пайдаланыңыз.

Дискіні тазалау құралын қосу:

1. Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында `диск` сөзін теріп, **Очистка диска** (Дискіні тазалау) пәрменін таңдаңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

HP 3D DriveGuard бағдарламасын (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану

Төмендегі жағдайлардың біреуі орын алса, HP 3D DriveGuard бағдарламасы дискіні өшіру және дерек сұрауларын тоқтату арқылы қатты дискіні қорғайды.

- Сіз компьютеріңізді құлатып алдыңыз.
- Батарея қуатынан қосылып тұрған компьютерді оның дисплейі жабулы күйінде жылжытасыз.

Бұл оқиғалардың біреуі аяқталғаннан кейінгі қысқа мерзімде HP 3D DriveGuard қатты дискіні қалыпты жұмыс жағдайына қайтарады.

ЕСКЕРТПЕ: HP 3D DriveGuard қызметі тек ішкі қатты дискілерін қорғайды. Қосымша қондыру құрылғысына орнатылған немесе USB портына қосылған қатты диск HP 3D DriveGuard арқылы қорғалмайды.

ЕСКЕРТПЕ: SSD дискілерінде жылжитын бөліктері болмағасын, HP 3D DriveGuard қызметі осы дискілер үшін қажет емес.

HP 3D DriveGuard күйін анықтау

Компьютердегі қатты диск шамы бастапқы қатты диск ұясындағы және (немесе) қосымша қатты диск ұясындағы (тек таңдаулы өнімдерде) дискінің қауіпсіз позицияға орнатылғанын көрсету үшін түсті өзгертеді.

Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту

HP компаниясы бағдарламалар мен драйверлерді жүйелі түрде жаңартуға кеңес береді. Жаңартулар мәселелерді шешіп, компьютерге жаңа мүмкіндіктер мен опциялар қосуы мүмкін. Мысалы, ескі графикалық құрамдас бөліктер ең соңғы ойын ойнау бағдарламалық құралдарымен дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Ең соңғы диск нұсқасы болмаса, жабдықтың барлық мүмкіндіктерін пайдалана алмайсыз.

HP бағдарламалары мен дискілерінің ең соңғы нұсқаларын жүктеп алу үшін, http://www.hp.com/support торабына өтіңіз. Бұған қоса, жаңартулардың бар екені туралы ескертулерді автоматты түрде алу үшін тіркеліңіз.

Бағдарламалар мен драйверлерді жаңартуды қаласаңыз, мына нұсқауларды орындаңыз:

1. Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында `поддержка` (қолдау) сөзін жазып, **HP Support Assistant** бағдарламасын таңдаңыз.

   – немесе –

   Тапсырмалар тақтасындағы сұрау белгісінің белгішесін басыңыз.

2. **Мой ноутбук** (Ноутбугім), **Обновление** (Жаңартулар) опциясын таңдаңыз және **Проверить наличие обновлений и сообщений** (Жаңартуларды және хабарларды тексеру) түймешігін басыңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Компьютерді тазалау

Компьютерді қауіпсіз түрде тазалау үшін келесі өнімдерді пайдаланыңыз:

- Құрамында спирті жоқ әйнек тазалағыш сұйықтық
- Су және жұмсақ сабын қосылған ерітінді

- Құрғақ микроталшықты тазалау шүберегі немесе күдері (майланбаған жұмсақ антистатикалық шүберек)
- Антистатикалық шүберек майлықтар

ЕСКЕРТУ: Компьютерді бір жолға зақымдауы мүмкін қатты тазартқыш еріткіштерді немесе бактерицидтік майлықтарды пайдаланбаңыз. Тазалағыш заттың компьютер үшін қауіпсіз болғанына сенімді болмасаңыз, спирт, ацетон, аммоний хлориді, метиленхлорид, сутек пероксиді, лигроин және көмірсутек еріткіштері сияқты ингредиенттердің өнім құрамында жоқ екенін тексеріңіз.

Қағаз орамал сияқты талшықты материалдар компьютерге сызат түсіруі мүмкін. Уақыт өткенде, кір және тазалағыш заттар сызаттарды бітеуі мүмкін.

Тазалау іс рәсімдері

Осы нұсқаулықта берілген нұсқауларды компьютерді қауіпсіз тазалау үшін орындаңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Ток ұру немесе жабдықтың зақымдалуын болдырмау үшін, токқа қосулы компьютерді тазаламаңыз.

1. Компьютерді өшіріңіз.
2. Айнымалы ток көзінен ажыратыңыз.
3. Токқа қосылатын сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.

ЕСКЕРТУ: Ішкі бөліктерді зақымдамау үшін, тазалағыш заттар немесе сұйықтықтарды компьютер беткейіне тікелей шашпаңыз. Бетіне түскен сұйықтықтар ішкі бөліктердің зақым алуына әкелуі мүмкін.

Дисплейді тазалау

Дисплейді жұмсақ, талшықтары жоқ, спиртсіз әйнек тазалау құралына малынған шүберекпен жайлап сүртіңіз. Компьютерді жабу алдында, оның дисплейін құрғатып алу керек.

Компьютердің жақтары немесе қақпағын тазалау

Құрылғының жақтары немесе қақпағын тазалау үшін, бұрын аталған тазалау сұйықтықтардың біреуіне суланған жұмсақ микроталшық матаны, күдеріні немесе бір рет қолданылатын антисептикалық майлықты пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Компьютердің бетін тазалау кезінде, ластануды және қоқымдарды кетіру үшін айналма қозғалыстар жасаңыз.

Сенсорлы тақтаны, пернетақтаны немесе тінтуірді тазалау (тек таңдаулы өнімдерде)

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Ішкі бөлшектерінен ток соғуды болдырмай немесе ішкі бөліктеріне зақым келтірмей тазалау үшін шаңсорғышты қолданбаңыз. Шаңсорғышты қолданғанда пернетақта бетіне тұрмыстық қалдықтар жиналып қалуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ: Ішкі бөліктерді зақымдамау үшін, сұйықтықтардың пернелер арасына тамшылап түсуіне жол бермеңіз.

- Сенсорлы тақта, пернетақта немесе тінтуірді тазалау үшін бұрын аталған тазалау сұйықтықтарының біреуіне суланған жұмсақ микроталшық матаны, күдеріні немесе бір рет қолданылатын майлықты пайдаланыңыз.
- Пернелердің жабысып қалуын болдырмай, пернетақтадан шаңды, талшықтарды және қоқымдарды кетіру үшін түтігі бар қаңылтыр бөтелкедегі қысылған ауаны пайдаланыңыз.

Компьютерді сапарға алып шығу немесе тасымалдау

Компьютерді сапарға алып шығу немесе оны тасымалдау керек болса, құрылғыны қорғаудың келесі кеңестерін орындаңыз.

- Компьютерді саяхаттауға немесе тасымалдауға дайындау:
  - Ақпараттың сақтық көшірмесін сыртқы дискіге жазыңыз.
  - Барлық дискілерді және жад карталары сияқты барлық сыртқы медиа карталарды шығарыңыз.
  - Барлық сыртқы құрылғыларды өшіріп, ажыратыңыз.
  - Компьютерді сөндіріңіз.
- Ақпараттың сақтық көшірмесін бірге алып жүріңіз. Барлық сақтық көшірмелерді компьютерден бөлек ұстаңыз.
- Ұшақпен саяхаттау кезінде компьютерді қол жүгі ретінде алып жүріңіз; оны жүк бөлімінде тасымалдауға болмайды.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Дискінің магниттік өрістердің әсеріне ұшырамауын қадағалаңыз. Магниттік өрісі бар қауіпсіздік құрылғылары әуежайдағы тексеруден өту құрылғылар мен қауіпсіздік бағандарында болады. Жолаушылар жүктерін тексеруге арналған әуежайлардағы конвейерлік жолдар және соған ұқсас қауіпсіздік құрылғылары магниттік өрістің орнына рентген сәулелерін қолданады да, дискілерге зиян келтірмейді.

- Ұшу кезінде компьютерді қолдануды жоспарласаңыз, компьютерді пайдаланатын уақытты ұшу алдындағы хабарландыру кезінде тыңдаңыз. Әуе сапары кезінде компьютер қолдануға рұқсат беру әуе компаниясының құзырында.
- Егер компьютерді немесе дискіні тасымалдайтын болсаңыз, тиісті қорғаныш орамы мен «FRAGILE» (Тез сынғыш) деген ескертпесі бар жапсырманы қолданыңыз.
- Кейбір орталарда сымсыз құрылғыларды пайдалануға тыйым салынуы мүмкін. Ұшақтарда, ауруханаларда, жарылғыш заттардың жанында және қауіпті орталарда осындай шектеулер болуы мүмкін. Егер компьютердегі сымсыз құрылғыны қолдану бойынша саясатты нақты білмесеңіз, компьютерді іске қосудан бұрын рұқсат сұраңыз.
- Егер халықаралық сапарларға шығатын болсаңыз, мына ұсыныстарды орындаңыз:
  - Өзіңіз баратын әр елдің/аймақтың компьютерге қатысты кедендік ережелерін тексеріңіз.
  - Компьютерді қолдануды жоспарлайтын әрбір орындағы қуат сымы мен адаптері бойынша қойылатын талаптарды тексеріңіз. Кернеу, жиілік және қосу параметрлері әртүрлі болуы мүмкін.

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток соғуы, өрт шығуы немесе жабдықтың зақымдануы сияқты қауіпті азайту үшін, компьютерді жабдықтар үшін сатылатын кернеуді түрлендіру жинағы арқылы қоспаңыз.

9 Сақтық көшірме жасау, алдыңғы күйіне қайтару және қалпына келтіру

Бұл тарауда бар келесі процестер туралы ақпарат беріледі. Бұл өнімдердің көпшілігі үшін қолданылатын стандартты процедура:

- **Жеке ақпараттың сақтық көшірмесін жасау**: жеке мәліметтердің сақтық көшірмесін жасау үшін Windows құралдарын пайдалануға болады (Windows құралдарын пайдалану (58-бет) бөлімін қараңыз).
- **Қалпына келтіру нүктесін жасау**: қалпына келтіру нүктесін жасау үшін Windows құралдарын пайдалануға болады (Windows құралдарын пайдалану (58-бет) бөлімін қараңыз).
- **Қалпына келтіру медиасын жасау** (тек таңдаулы өнімдерде): HP Cloud Recovery Download Tool (тек таңдаулы өнімдерде) құралдарын қалпына келтіру медиасын жасау үшін пайдалануға болады (HP Cloud Recovery Download Tool құралын қалпына келтіру нұсқасын жасау үшін (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану (59-бет) бөлімін қараңыз).
- **Алдыңғы күйге қайтару және қалпына келтіру**: Windows жүйесі сақтық көшірмеден қалпына келтіру, компьютерді қалпына келтіру және компьютерді оның бастапқы қалпына келтіру үшін бірнеше опцияны ұсынады (Windows құралдарын пайдалану (58-бет) бөлімін қараңыз).

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: Егер планшетте қалпына келтіру процедурасын орындап тұрса, қалпына келтіру процесін бастамас бұрын, планшет батареясының заряды кем дегенде 70% асуы тиіс.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: Кез келген қалпына келтіру процесін бастамас бұрын, ажыратылатын пернетақтасы бар планшетті пернетақта қондырмасына жалғаңыз.

Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру медиасын жасау

Windows құралдарын пайдалану

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: Windows жүйесі жеке ақпараттың сақтық көшірмесін жасауға мүмкіндік беретін бір-ақ опция болып табылады. Мәліметтердің жоғалуын болдырмау үшін жүйелі түрде сақтық көшірмелер жасауды жоспарлаңыз.

Жеке ақпараттың сақтық көшірмесін жасау және жүйені қалпына келтіру нүктелерін немесе қалпына келтіру медиасын жасау үшін Windows құралдарын пайдалануға болады.

ЕСКЕРТПЕ: Компьютердің сақтау орны 32 ГБайт немесе одан төмен болса, Microsoft жүйесін қалпына келтіру мүмкіндігі әдепкі бойынша ажыратылған болады.

Қосымша ақпаратты және нұсқауларды Техническая поддержка (Анықтама алу) бағдарламасында қараңыз.

1. **Пуск** (Бастау) түймешігін басыңыз және **Техническая поддержка** (Анықтама алу) бағдарламасын таңдаңыз.
2. Орындалатын тапсырманы таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Техническая поддержка (Анықтама алу) бағдарламасын ашу үшін Интернетке қосылуыңыз қажет.

HP Cloud Recovery Download Tool құралын қалпына келтіру нұсқасын жасау үшін (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану

HP қалпына келтіру медиа құралын жүктелетін USB флэш-жадында жасау үшін HP Cloud Recovery Download Tool құралын келесі жолмен пайдалануға болады.

1. http://www.hp.com/support бетіне өтіңіз.
2. **ПО и драйверы** (Бағдарламалық құрал және драйверлер) қойыншасын таңдаңыз, содан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Өзіңіз қалпына келтіру медиасын жасай алмасаңыз, қалпына келтіру дискілерін алу үшін қолдау қызметімен хабарласыңыз. http://www.hp.com/support мекенжайын ашып, ел немесе аймақты таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Алдыңғы күйге қайтару және қалпына келтіру

Windows құралдары көмегімен алдыңғы күйге қайтару, бастапқы қалпына келтіру және қалпына келтіру

Windows жүйесі компьютерді алдыңғы күйіне қайтару, бастапқы қалпына келтіру және қалпына келтіру үшін бірнеше опцияны ұсынады. Мәлімет алу үшін Windows құралдарын пайдалану (58-бет) қараңыз.

HP Қалпына келтіру медиа құралынан қалпына келтіру

HP қалпына келтіру медиа құралын бастапқы операциялық жүйені және зауытта орнатылған бағдарламаларды қалпына келтіру үшін пайдалануға болады. Таңдаулы өнімдерде HP Cloud Recovery Download Tool құралын пайдаланып, оны жүктелетін USB флэш-жадында жасаңыз. Мәлімет алу үшін HP Cloud Recovery Download Tool құралын қалпына келтіру нұсқасын жасау үшін (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану (59-бет) бөлімін қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Өзіңіз қалпына келтіру медиасын жасай алмасаңыз, қалпына келтіру дискілерін алу үшін қолдау қызметімен хабарласыңыз. http://www.hp.com/support мекенжайын ашып, ел немесе аймақты таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жүйені қалпына келтіру үшін

- HP Recovery медиа құралын салып, компьютерді өшіріп қайта бастаңыз.

Компьютердің жүктелу ретін өзгерту

HP Recovery медиа құралын салып, компьютер қайта басталмаса, компьютердің жүктелу ретін өзгертіңіз. Бұл – BIOS бағдарламасында көрсетілген құрылғылардың тізімі. Компьютер осы ретпен басталу мәліметтерін іздейді. HP Recovery медиа құралының орналасқан орнына байланысты оптикалық дискіні немесе USB флэш-жадын таңдауға болады.

Жүктелу ретін өзгерту үшін

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: Осы қадамдарды бастамас бұрын, ажыратылатын пернетақтасы бар планшетті пернетақта қондырмасына жалғаңыз.

1. HP қалпына келтіру медиа құралын енгізіңіз.
2. Жүйенің **Запуск** (Іске қосу) мәзірін ашыңыз.

   Пернетақталар тіркелген компьютерлер немесе планшеттерді пайдалану кезінде:

   ▲ Жүктеу опцияларын көрсету үшін, компьютер немесе планшетті қосыңыз немесе өшіріп қайта бастаңыз да, esc пернесін тез басып қалып, f9 пернесін басыңыз.

   Пернетақтасы жоқ планшеттерді пайдалану кезінде:

   ▲ Планшетті қосып немесе өшіріп қайта бастаңыз және дыбысты жоғарылату түймесін тез басып ұстап тұрыңыз, одан кейін **f9** пернесін басыңыз.

   – немесе –

   Планшетті қосып немесе өшіріп қайта бастаңыз және дыбысты азайту түймесін тез басып ұстап тұрыңыз, одан кейін **f9** пернесін басыңыз.
3. Жүктегіңіз келетін оптикалық дискіні немесе USB флэш-жады дискісін таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

10 Computer Setup (BIOS), TPM және HP Sure Start

Computer Setup утилитасын пайдалану

Computer Setup немесе BIOS (Basic Input/Output System) жүйедегі бүкіл кіріс және шығыс құрылғыларының (мысалы, диск жетектері, монитор, пернетақта, тінтуір және принтер) арасындағы байланысты басқарады. Computer Setup ішінде орнатылған құрылғылардың параметрлері, компьютердің жүктелу реті және жүйе мен кеңейтілген жадтың көлемі қамтылған.

ЕСКЕРТПЕ: Computer Setup құралына өзгертулер енгізу кезінде сақ болыңыз. Қателер компьютердің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

Computer Setup утилитасын бастау

▲ Computer Setup утилитасын ашу үшін компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және HP логотипі экранға шыққанда, f10 пернесін басыңыз.

Computer Setup утилитасында жылжу және таңдау

- Мәзірді немесе мәзір пәрменін таңдау үшін, tab пернесін және пернетақтаның көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз, одан кейін enter пернесін басыңыз немесе пәрменді таңдау үшін меңзегіш құрылғыны пайдаланыңыз.
- Жоғары не төмен жылжу үшін, экранның жоғары оң жақ бұрышындағы жоғары не төмен көрсеткілерді пайдаланыңыз немесе пернетақтадағы жоғары не төмен көрсеткі пернелерін басыңыз.
- Ашық тұрған тілқатысу терезесін жабу және басты Computer Setup экранына оралу үшін, esc пернесін басыңыз да, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Computer Setup құралынан шығу үшін төмендегі әдістердің біреуін пайдаланыңыз:

- Computer Setup мәзірінен өзгерістерді сақтамай шығу үшін, **Main** (Негізгі), **Ignore Changes and Exit** (Өзгерістерді елемей шығу) пәрмендерін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз және **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.

  ЕСКЕРТПЕ: Тармақтарды таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып жатсаңыз, enter пернесін басыңыз.

- Computer Setup мәзірлерінен шығу үшін **Main** (Негізгі), **Save Changes and Exit** (Өзгерістерді сақтап шығу) опциясын таңдаңыз, одан кейін **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.

  ЕСКЕРТПЕ: Тармақтарды таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып жатсаңыз, enter пернесін басыңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

Computer Setup утилитасында зауыттық параметрлерді қалпына келтіру

ЕСКЕРТПЕ: Әдепкі параметрлерді қалпына келтіру қатты диск режимін өзгертпейді.

Computer Setup ішіндегі бүкіл параметрлерді зауыттық мәндеріне қайтару үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Computer Setup (Компьютерді орнату) утилитасын бастаңыз. Computer Setup утилитасын бастау (61-бет) бөлімін қараңыз.
2. **Main** (Негізгі) опциясын, одан кейін **Apply Factory Defaults and Exit** (Зауыттық әдепкі параметрлерді қолданып шығу) опциясын таңдаңыз, одан кейін **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Тармақтарды таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып жатсаңыз, enter пернесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Таңдаулы өнімдерде, опциялар тізімінде **Apply Factory Defaults and Exit** (Зауыттық әдепкі мәндерді қолданып шығу) опциясының орнына **Restore Defaults** (Әдепкілерді қалпына келтіру) опциясы көрсетілуі мүмкін.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

ЕСКЕРТПЕ: Құпия сөз, қауіпсіздік және тіл параметрлері зауыттың әдепкі параметрлерін сақтағанда өзгертілмейді.

BIOS нұсқасын жаңарту

BIOS жүйесінің жаңартылған нұсқалары HP веб-торабында бар болуы мүмкін.

BIOS жүйесінің жаңарту файлдарының көбі HP веб-торабында *SoftPaq* деп аталатын қысылған файлдарына салынған.

Кейбір жүктелетін бумалардың құрамында файлды орнату және ақаулықтарды жою туралы ақпаратты қамтитын Readme.txt файлы бар.

BIOS нұсқасын анықтау

Computer Setup (BIOS) утилитасын жаңарту қажеттілігін анықтау үшін алдымен компьютердегі BIOS нұсқасын анықтаңыз.

BIOS нұсқасының ақпаратын (*ROM date* (ROM күні) және *System BIOS*) (BIOS жүйесі) деп те аталады) fn +esc пернелерін басу (Windows жүйесінде болған жағдайда) немесе Computer Setup утилитасын ашу арқылы көрсетуге болады.

1. Computer Setup (Компьютерді орнату) утилитасын бастаңыз. Computer Setup утилитасын бастау (61-бет) бөлімін қараңыз.
2. **Main** (Негізгі), одан кейін **System Information** (Жүйе туралы ақпарат) пәрмендерін таңдаңыз.
3. Computer Setup мәзірінен өзгерістерді сақтамай шығу үшін, **Main** (Негізгі), **Ignore Changes and Exit** (Өзгерістерді елемей шығу) пәрмендерін таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз және **Yes** (Иә) түймешігін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Тармақтарды таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланып жатсаңыз, enter пернесін басыңыз.

Кейінгі BIOS нұсқаларын тексеру үшін BIOS жаңартуын жүктеп алу (63-бет) бөлімін қараңыз.

BIOS жаңартуын жүктеп алу

ЕСКЕРТУ: Компьютерге зақым келтірмеу немесе сәтсіз орнатуды болдырмау үшін BIOS жаңарту файлын компьютер айнымалы ток адаптері арқылы сенімді сыртқы қуат көзіне қосылған кезде ғана жүктеп алыңыз және орнатыңыз. Компьютер батарея қуатымен жұмыс істеп тұрғанда, қосымша жалғау құрылғысына жалғанғанда немесе қосымша қуат көзіне қосулы болғанда, BIOS жаңартуын жүктеп алмаңыз немесе орнатпаңыз. Жүктеп алу және орнату барысында мына нұсқауларды орындаңыз:

Компьютерді айнымалы ток көзінен ажыратқан кезде қуат сымын тартпаңыз.

Компьютердің жұмысын аяқтамаңыз немесе компьютерде ұйқылық күйді қоспаңыз.

Құрылғылар, кабельдер немесе шнурды жалғамаңыз, ажыратпаңыз немесе қоспаңыз.

1. Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында `поддержка` (қолдау) сөзін жазып, HP Support Assistant бағдарламасын таңдаңыз.

   – немесе –

   Тапсырмалар тақтасындағы сұрау белгісінің белгішесін басыңыз.

2. **Обновления** (Жаңартулар) пәрменін басып, **Проверить наличие обновлений и сообщений** (Жаңартуларды және хабарларды тексеру) пәрменін басыңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. Жүктеу аймағында мына қадамдарды орындаңыз:

   а. Ең соңғы BIOS жаңартуын анықтап, оны қазір компьютерде орнатылған BIOS нұсқасымен салыстырыңыз. Басқа кодтың күні, атауы немесе қосымша ақпаратын жазып алыңыз. Бұл ақпарат жаңарту файлы қатты дискіге жүктелгеннен кейін оны табу үшін қажет болуы мүмкін.

   ә. Таңдауыңызды қатты дискіге жүктеп алу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

   BIOS жаңартуы жүктеліп алатын қатты дискідегі орынға жолды жазып алыңыз. Сіз жаңартуды орнатуға дайын болғаныңызда бұл жол бойынша файлды табасыз.

ЕСКЕРТПЕ: Егер компьютер желіге қосылған болса, бағдарламалардың жаңартуларын, әсіресе жүйенің BIOS жаңартуларын орнатпас бұрын желілік әкімшімен байланысыңыз.

BIOS нұсқасын орнату іс реттері әртүрлі екен. Жүктеп алу үрдісі аяқталғаннан кейін экранда көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз. Нұсқаулар экранға шығарылмаған жағдайда мына қадамдарды орындаңыз:

1. Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында `файл` сөзін жазып, одан кейін **Проводник** (Жетектеуші) тармағын таңдаңыз.
2. Тағайындалған қатты дискіні басыңыз. Әдетте жергілікті диск (C:) тағайындалған қатты диск болып табылады.
3. Алдында жазып алған қатты дискінің жолы арқылы құрамында жаңарту бар қалтаны ашыңыз.
4. .exe кеңейтімі бар файлды екі рет басыңыз (мысалы, *файл атауы*.exe).

   BIOS орнатылуы басталады.

5. Экрандағы нұсқауларды орындау арқылы орнатуды аяқтаңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Орнату сәтті аяқталды сияқты хабар экранға шығарылғаннан кейін жүктелген файлды қатты дискіден жоюға болады.

Жүктеу ретін f9 жылдам пернесінің көмегімен өзгерту

Ағымдағы бастау процедурасы үшін жүктеу құрылғысын динамикалық түрде таңдауға мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Boot Device Options (Жүктеу құрылғысының опциялары) мәзірін ашу үшін:

   - Boot Device Options (Жүктеу құрылғысының опциялары) мәзірін ашу үшін, компьютерді қосыңыз немесе компьютерді өшіріп қайта бастаңыз және HP логотипі экранға шыққанда f9 пернесін басыңыз.

2. Жүктеу құрылғысын тізімнен таңдаңыз және enter пернесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

TPM BIOS параметрлері (тек таңдаулы өнімдерде)

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: Сенімді платформа модулін (TPM) осы жүйеде іске қоспастан бұрын модульді пайдалану мақсатына сәйкес жергілікті заңдармен, ережелермен және саясаттармен сай келетінін тексеріңіз және қолданылатын барлық рұқсаттар мен лицензияларды алыңыз. Жоғарыда аталған талаптарды бұзатын сенімді платформа модулін (TPM) пайдалану нәтижесінде кез келген сәйкестік мәселелер орын алса, сіз барлық міндеттемелер үшін толығымен жауапты болуы тиіс. HP компаниясы кез келген байланысты міндеттемелер үшін жауапты болмайды.

TPM модулі компьютер үшін қосымша қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. TPM параметрлерін Computer Setup (BIOS) утилитасында өзгертуге болады.

ЕСКЕРТПЕ: TPM параметрі Hidden (Көрінбейді) мәніне өзгертілсе, TPM модулі амалдық жүйеде көрінбейді.

Computer Setup утилитасында TPM параметрлеріне қол жеткізу үшін

1. Computer Setup (Компьютерді орнату) утилитасын бастаңыз. Computer Setup утилитасын бастау (61-бет) бөлімін қараңыз.

2. **Security** (Қауіпсіздік) тармағын, одан кейін **TPM Embedded Security** (TPM енгізілген қауіпсіздігі) тармағын таңдаңыз да, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

HP Sure Start бағдарламасын (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану

Таңдаулы компьютер үлгілерінде компьютердің BIOS бағдарламасын шабуылдардан немесе бүлінуден қорғау үшін бақылайтын HP Sure Start технологиясы орнатылады. Егер BIOS жүйесі бүлінсе немесе рұқсатсыз қатынасу орын алса, HP Sure Start бағдарламасы пайдаланушының қатысуынсыз BIOS жүйесін оның алдыңғы күйіне автоматты түрде қалпына келтіреді.

Көптеген пайдаланушылардың HP Sure Start бағдарламасының әдепкі конфигурацияны қолдануы үшін, HP Sure Start алдын ала теңшеліп, іске қосылған. Тәжірибелі пайдаланушылар әдепкі конфигурацияны өзгерте алады.

HP Sure Start жайлы жаңартылған құжаттарды ашу үшін http://www.hp.com/support мекенжайына кіріңіз. **Найдите свое устройство** (Құрылғыңызды табыңыз) қойыншасын таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

11 HP PC Hardware Diagnostics пайдалану

HP PC Hardware Diagnostics Windows (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану

HP PC Hardware Diagnostics Windows – компьютердің аппараттық құралдарының дұрыс жұмыс істейтінін анықтау үшін диагностикалық сынақтарды жүргізуге мүмкіндік беретін Windows операциялық жүйесіне негізделген бағдарламалық құрал. Құрал Windows операциялық жүйесінде аппараттық құралдың ақаулықтарын тексеру үшін қолданылады.

Құралды HP PC Hardware Diagnostics Windows орнатылмаған компьютерге жүктеп алып орнатыңыз. HP PC Hardware Diagnostics Windows жүктеп алу туралы ақпаратты HP PC Hardware Diagnostics Windows жүктеп алу (66-бет) бөлімінен қараңыз.

HP PC Hardware Diagnostics Windows орнатылғаннан кейін, оны HP Анықтама және қолдау немесе HP Support Assistant бағдарламасы арқылы ашу үшін мына қадамдарды орындаңыз.

1. HP PC Hardware Diagnostics Windows HP Анықтама және қолдау бағдарламасы арқылы ашу үшін:

   а. **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Справка и поддержка HP** (HP Анықтама және қолдау) бөлімін таңдаңыз.

   ә. **HP PC Hardware Diagnostics Windows** атауын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Еще** (Қосымша), одан кейін **Запуск от имени администратора** (Әкімші ретінде іске қосу) пәрмендерін таңдаңыз .

   – немесе –

   HP PC Hardware Diagnostics Windows құралын HP Support Assistant бағдарламасы арқылы ашу үшін:

   а. Тапсырмалар тақтасының іздеу жолағында `поддержка` (қолдау) сөзін жазып, **HP Support Assistant** бағдарламасын таңдаңыз.

      – немесе –

      Тапсырмалар тақтасындағы сұрау белгісінің белгішесін басыңыз.

   ә. **Устранение неполадок и ошибок** (Ақаулықтарды және қателерді жою) опциясын таңдаңыз.

   б. **Диагностика**, одан кейін **HP PC Hardware Diagnostics Windows** параметрін таңдаңыз.

2. Құрал ашылғанда, орындалатын диагностикалық сынақтың түрін таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Диагностикалық сынақты кез келген уақытта тоқтату қажет болса, **Отмена** (Бас тарту) пернесін басыңыз.

3. HP PC Hardware Diagnostics Windows арқылы аппараттық құралды ауыстыруды талап ететін ақаулық анықталған кезде, ақаулықтың 24 таңбалы идентификациялық коды жасалады. Мәселені шешумен көмек алу үшін қолдау қызметімен байланысып, ақаулықтың идентификациялық кодын хабарлаңыз.

HP PC Hardware Diagnostics Windows жүктеп алу

- HP PC Hardware Diagnostics Windows құралын жүктеу жөнінде нұсқаулар ағылшын тілінде ғана беріледі.
- Файлдар .exe пішімінде берілгендіктен, бұл құралды жүктеп алу үшін Windows компьютерін пайдалану қажет.

HP PC Hardware Diagnostics Windows құралының ең соңғы нұсқасын жүктеп алу

HP PC Hardware Diagnostics Windows бағдарламасын жүктеп алу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. http://www.hp.com/go/techcenter/pcdiags веб-сайтына өтіңіз. HP PC Diagnostics қызметінің басты беті көрсетіледі.
2. **HP PC Hardware Diagnostics** бетінде **Загрузка** (Жүктеу) түймешігін басып, компьютерде немесе USB флэш-жадында орынды таңдаңыз.

Құрал таңдалған орынға жүктеледі.

HP Hardware Diagnostics Windows құралын өнімнің атауы немесе нөмірі бойынша (тек таңдаулы өнімдерде) жүктеп алу

ЕСКЕРТПЕ: Кейбір өнімдер үшін бағдарламалық құралды USB флэш-жадына өнімнің атауы немесе нөмірі бойынша жүктеу қажет.

HP PC Hardware Diagnostics Windows құралын өнімнің атауы немесе нөмірі бойынша жүктеп алу үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. http://www.hp.com/support веб-сайтына өтіңіз.
2. **Загрузка ПО и драйверов** (Бағдарламалық құрал және драйверлерді жүктеп алу) санатын таңдап, құрылғының түрін таңдаңыз, одан кейін іздеу жолағында өнім атауын немесе нөмірін теріңіз.
3. **HP PC Hardware Diagnostics** бетінде **Загрузка** (Жүктеу) түймешігін басып, компьютерде немесе USB флэш-жадында орынды таңдаңыз.

Құрал таңдалған орынға жүктеледі.

HP PC Hardware Diagnostics Windows орнату

HP PC Hardware Diagnostics Windows құралын орнату үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

▲ Компьютерге немесе USB флэш-жад дискісіне жүктелген .exe файлы бар қалтаны тауып, .exe пішіміндегі файлды екі рет басыңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

HP PC Hardware Diagnostics UEFI пайдалану

ЕСКЕРТПЕ: Windows 10 S компьютерін пайдаланғанда, HP UEFI қолдау ортасын жүктеу және жасау үшін тек .exe пішіміндегі файлдар қолданылғандықтан, Windows компьютері мен USB флэш-жадын пайдалану қажет. Қосымша ақпаратты HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын USB флэш-жады дискісіне жүктеу (67-бет) бөлімінен қараңыз.

HP PC Hardware Diagnostics UEFI (Бірыңғай кеңейтілетін ішкі бағдарламалық құрал интерфейсі) құралы компьютердің аппараттық құралдарының дұрыс жұмыс істейтінін анықтау үшін диагностикалық сынақтарды жүргізуге мүмкіндік береді. Құрал амалдық жүйенің сыртында жұмыс істейді және амалдық жүйенің өзі немесе басқа бағдарламалық құралдар бөліктері туындауы мүмкін аппараттық құралдың ақаулықтарын бөлектейді.

Компьютерде Windows операциялық жүйесі жүктелмесе, аппараттық құралдардың мәселелерін диагностикалау үшін HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын пайдалануға болады.

HP PC Hardware Diagnostics UEFI арқылы аппараттық құралды ауыстыруды талап ететін ақаулық анықталған кезде ақаулықтың 24 таңбалы идентификациялық коды жасалады. Мәселені шешумен көмек алу үшін қолдау қызметімен байланысып, ақаулықтың идентификациялық кодын хабарлаңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Өзгертпелі компьютерде диагностикалау құралын бастау үшін компьютерді ноутбук режиміне ауыстырып, тіркелген пернетақтаны пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Егер диагностикалық сынақты тоқтату қажет болса, esc пернесін басыңыз.

HP PC Hardware Diagnostics UEFI бастау

HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын бастау үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп қайта бастаңыз және esc пернесін тез басып қалыңыз.
2. f2 пернесін басыңыз.

   BIOS бағдарламасы диагностикалық құралдарды үш орыннан төмендегі тәртіпте іздейді:

   а. Жалғанған USB флэш-жады дискісі

   ЕСКЕРТПЕ: HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын USB флэш-жады дискісіне жүктеу туралы ақпаратты HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралының ең соңғы нұсқасын жүктеп алу (67-бет) бөлімінен қараңыз.

   ә. Қатты диск

   б. BIOS

3. Диагностикалау құралы ашылғанда, тілді, одан кейін орындалатын диагностикалық сынақтың түрін таңдаңыз және экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын USB флэш-жады дискісіне жүктеу

USB флэш-жады дискісіне жүктелген HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралы келесі жағдайларда пайдалы болады:

- HP PC Hardware Diagnostics UEFI алдын-ала орнатылған кескінде қамтылмаған кезде.
- HP PC Hardware Diagnostics UEFI HP Tool бөлімінде қамтылмаған кезде.
- Қатты диск зақымдалған кезде.

ЕСКЕРТПЕ: HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын жүктеп алу жөнінде нұсқаулар ағылшын тілінде ғана беріледі. Жүктеу және HP UEFI қолдау ортасын жасау үшін тек .exe пішіміндегі файлдар қолданылғандықтан Windows компьютерін пайдалану қажет.

HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралының ең соңғы нұсқасын жүктеп алу

HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралының ең соңғы нұсқасын USB флэш-жады дискісіне жүктеу үшін:

1. http://www.hp.com/go/techcenter/pcdiags веб-сайтына өтіңіз. HP PC Diagnostics қызметінің басты беті көрсетіледі.
2. **HP PC Hardware Diagnostics UEFI** бөліміндегі **Загрузка** (Жүктеу) сілтемесін басып, **Выполнить** (Орындау) пәрменін таңдаңыз.

HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын өнімнің атауы немесе нөмірі бойынша (тек таңдаулы өнімдерде) жүктеп алу

ЕСКЕРТПЕ: Кейбір өнімдер үшін бағдарламалық құралды USB флэш-жадына өнімнің атауы немесе нөмірі бойынша жүктеу қажет.

HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын USB флэш-жадына өнімнің атауы немесе нөмірі бойынша (тек таңдаулы өнімдерде) жүктеу үшін:

1. http://www.hp.com/support веб-сайтына өтіңіз.
2. Өнімнің атауы немесе нөмірін енгізіп, компьютер үлгісін, одан кейін операциялық жүйенің түрін таңдаңыз.
3. Компьютерге қажетті UEFI Diagnostics нұсқасын таңдау және жүктеп алу үшін, **Diagnostics** (Диагностика) бөлімінде берілген экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI параметрлерін (тек таңдаулы өнімдерде) пайдалану

Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI – компьютерге HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын жүктеп алатын шағын бағдарламаның (BIOS) мүмкіндігі. Ол компьютерде диагностиканы орындап, нәтижелерін алдын ала теңшелген серверге жүктеп салады. Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI туралы қосымша ақпарат алу үшін, http://www.hp.com/go/techcenter/pcdiags веб-сайтына өтіп, **Find out more** (Толығырақ ақпарат) сілтемесін басыңыз.

HP PC Hardware Diagnostics UEFI жүктеп алу

ЕСКЕРТПЕ: Сондай-ақ Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралы Softpaq файлы пішімінде қолжетімді. Оны серверге жүктеуге болады.

Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралының ең соңғы нұсқасын жүктеп алу

Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралының ең соңғы нұсқасын жүктеп алу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. http://www.hp.com/go/techcenter/pcdiags веб-сайтына өтіңіз. HP PC Diagnostics қызметінің басты беті көрсетіледі.
2. **HP PC Hardware Diagnostics UEFI** бөліміндегі **Загрузка Remote Diagnostics** (Remote Diagnostics құралын жүктеу) сілтемесін басып, **Выполнить** (Орындау) пәрменін таңдаңыз.

Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын өнімнің атауы немесе нөмірі бойынша жүктеп алу

ЕСКЕРТПЕ: Кейбір өнімдер үшін бағдарламалық құралды өнімнің атауы немесе нөмірі бойынша жүктеу қажет.

Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI құралын өнімнің атауы немесе нөмірі бойынша жүктеп алу үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. http://www.hp.com/support веб-сайтына өтіңіз.
2. **Загрузка ПО и драйверов** (Бағдарламалық құрал және драйверлерді жүктеп алу) санатын таңдап, құрылғының түрін таңдаңыз, одан кейін іздеу жолағында өнім атауын немесе нөмірін теріңіз де, компьютер үлгісін және операциялық жүйені таңдаңыз.
3. Өнімге қажетті **Remote UEFI** нұсқасын таңдау және жүктеп алу үшін, **Diagnostics** (Диагностика) бөлімінде берілген экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI параметрлерін реттеу

Computer Setup (BIOS) ішіндегі Remote HP PC Hardware Diagnostics параметрі арқылы мына әрекеттерді орындауға болады:

- Диагностиканы қадағалаусыз орындау кестесін орнату. Сондай-ақ диагностиканы интерактивтік режимде бірден бастау үшін **Execute Remote HP PC Hardware Diagnostics** опциясын таңдаңыз.
- Диагностикалау құралдарын жүктеп алу орнын орнатыңыз. Бұл мүмкіндік HP веб-сайтындағы немесе пайдалануға алдын ала теңшелген сервердегі құралдарға қатынасты береді. Компьютер қашықтағы диагностиканы орындау үшін дәстүрлі жергілікті жад құрылғысын (мысалы, жинақтағыш диск немесе USB флэш-жад құралы) талап етпейді.
- Тексеру нәтижелерін сақтау орнын орнату. Жүктеп салу үшін пайдаланылатын пайдаланушы аты мен құпия сөз параметрлерін орнатуға болады.
- Бұрын орындалған диагностика туралы күй ақпаратын көрсету.

Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI параметрлерін реттеу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Computer Setup утилитасын ашу үшін, компьютерді қосыңыз немесе компьютерді өшіріп қайта іске қосыңыз және HP логотипі экранға шыққанда f10 пернесін басыңыз.
2. **Advanced** (Қосымша), одан кейін **Parameters** (Параметрлер) опциясын таңдаңыз.
3. Теңшеу таңдауларын жасаңыз.
4. Параметрлерді сақтау үшін **Main** (Негізгі) опциясын, кейін **Save Changes and Exit** (Өзгерістерді сақтау және шығу) опциясын таңдаңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

12 Техникалық сипаттамасы

Тұтынылатын қуат

Егер сіз компьютерді алып, халықаралық саяхат жасауды жоспарласаңыз, осы бөлімде берілген қуат туралы ақпарат пайдалы болуы мүмкін.

Компьютер айнымалы немесе тұрақты ток көзінен келетін тұрақты ток арқылы жұмыс істейді. Айнымалы ток көзі 100–240 В, 50–60 Гц шамасында болуы керек. Компьютер бөлек тұрақты ток көзінен жұмыс жасаса да, ол тек HP компаниясы берген және осы компьютерге қолдану үшін ұсынған айнымалы ток адаптері немесе тұрақты ток көзіне қосылуы керек.

Компьютерді төмендегі техникалық параметрлер ішінде тұрақты ток қуат көзі арқылы қуатпен қамтамасыз етуге болады. Компьютердің кернеуі мен тогы туралы ақпаратты нормативтік жапсырмадан табуға болады.

Тұтынылатын қуат	Мөлшер
Жұмыс кернеуі және тогы	2 А қуатында тұрақты ток – 5 В /3 А қуатында тұрақты ток – 12 В /3 А – 45 Вт (USB-C) қуатында тұрақты ток – 15 В 3 А қуатында тұрақты ток – 5 В /3 А қуатында тұрақты ток – 9 В /3,75 А қуатында тұрақты ток – 12 В /3 А қуатында тұрақты ток – 15 В (45 Вт, USB-C) 3 А қуатында тұрақты ток – 5 В /3 А қуатында тұрақты ток – 9 В /3,75 А қуатында тұрақты ток – 10 В /3,75 А қуатында тұрақты ток – 12 В /3 А қуатында тұрақты ток – 15 В /2,25 А – 45 Вт (USB-C) қуатында тұрақты ток – 20 В 3 А қуатында тұрақты ток – 5 В /3 А қуатында тұрақты ток – 9 В /5 А қуатында тұрақты ток – 12 В /4,33 А қуатында тұрақты ток – 15 В /3,25 А қуатында тұрақты ток – 20 В (65 Вт, USB-C) 3 А қуатында тұрақты ток – 5 В/3А қуатында тұрақты ток – 9 В/5 А қуатында тұрақты ток – 10 В/5 А қуатында тұрақты ток – 12 В/4,33 А қуатында тұрақты ток – 15 В/3,25 А – 65 Вт (USB-C) қуатында тұрақты ток – 20 В 3 А қуатында тұрақты ток – 5 В/3 А қуатында тұрақты ток – 9 В /5 А қуатында тұрақты ток – 10 В /5 А қуатында тұрақты ток – 12 В /5 А қуатында тұрақты ток – 15 В /4,5 А – 90 Вт (USB-C) қуатында тұрақты ток – 20 В 2,31 А – 45 Вт қуатында тұрақты ток – 19,5 В 3,33 А – 65 Вт қуатында тұрақты ток – 19,5 В 4,62 А – 90 Вт қуатында тұрақты ток – 19,5 В 6,15 А – 120 Вт қуатында тұрақты ток – 19,5 В 6,9 А – 135 Вт қуатында тұрақты ток – 19,5 В 7,70 А – 150 Вт қуатында тұрақты ток – 19,5 В 10,3 А – 200 Вт қуатында тұрақты ток – 19,5 В 11,8 А – 230 Вт қуатында тұрақты ток – 19,5 В 16,92 А – 330 Вт қуатында тұрақты ток – 19,5 В

ЕСКЕРТПЕ: Бұл құрылғы Норвегиядағы фазааралық кернеуінің орташа квадраттық мәні 240 В-тан аспайтын ақпараттық технологиялар электр жүйелеріне арналған.

Жұмыс ортасы

Фактор	Метрикалық өлшемдер жүйесі	АҚШ-та пайдаланылатын өлшемдер жүйесі
Температура		
Пайдалануға болатын (оптикалық дискіге жазу кезінде)	**5 пен 35°C арасында**	41 мен 95°F арасында
Жұмыссыз режимде	**-20 мен 60°C арасында**	-4 пен 140°F арасында
Салыстырмалы ылғалдылық (конденсацияланбайтын)		
Пайдалануға болатын	**10 мен 90% арасында**	10 мен 90% арасында
Жұмыссыз режимде	**5 пен 95% арасында**	5 пен 95% арасында
Ең жоғары биіктік (герметизацияланбаған)		
Пайдалануға болатын	**-15 пен 3048 м арасында**	-50 мен 10000 фут арасында
Жұмыссыз режимде	**-15 пен 12192 м арасында**	-50 мен 40000 фут арасында

13 Электрстатикалық разряд

Электростатикалық ток соғу — екі зат қатынасқа түскен кезде статикалық электр тогының соғуы, мысалы, кілем үстінде тұрып есіктің темір тұтқасын ұстағаннан болатын ток соғу.

Саусақтар немесе басқа электростатикалық разряд өткізгіштерінен шығатын статикалық электр қуатының разряды электрондық бөліктерге зақым келтіруі мүмкін.

Компьютерге зақым келтіруді болдырмау үшін, диск жетегіне зақым келтіруді немесе ақпараттың жоғалуын азайту үшін, осы сақтық шараларын сақтаңыз:

- Егер жою немесе орнату нұсқауларында компьютерді қуат көзінен ажырату ұсынылса, компьютердің жерге дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Бөліктерді орнатуға дайын болғанша, оларды электростатикалық разряд өтпейтін контейнерлерде сақтаңыз.
- Істікшелер, контактілер және қосылатын ұштарға тимеңіз. Электрондық бөліктерді қолмен мүмкіндігінше аз уақыт ұстаңыз.
- Магниттенбейтін құралдарды пайдаланыңыз.
- Бөліктерді ұстамас бұрын боялмаған метал бетін ұстау арқылы статикалық электр тогын разрядтаңыз.
- Бөлікті алған кезде оны электростатикалық заряд өтпейтін контейнерде сақтаңыз.

14 Арнайы мүмкіндіктер

Арнайы мүмкіндіктер

HP алуан түрлілікті, қатыстыруды және жұмысты/өмірді компанияның құрылымына енгізу бойынша жұмыс істеуде, сондықтан бұл біздің әрбір әрекетімізде көрінеді. Мұнда адамдарды дүние жүзіндегі технология қуатына қосуға негізделген инклюзивті ортаны жасау мақсатында атқаратын жұмыстарға ерекшеліктерді орнату жолының кейбір мысалдары берілген.

Арнайы мүмкіндіктерге арналған қажетті құралдарды табу

Технологиялар адам әлеуетін жүзеге асыра алады. Арнайы мүмкіндіктер тосқауылдарды жойып, үйдегі, жұмыстағы және қоғамдағы дербестікті жасауға көмектеседі. Арнайы мүмкіндіктер электрондық және ақпараттық технологияларының функциялық мүмкіндіктерін кеңейтуге, сақтауға және жақсартуға көмектеседі. Қосымша ақпаратты Ең жақсы арнайы технологияны табу (74-бет) бөлімінен қараңыз.

Біздің міндетіміз

HP компаниясы мүмкіндіктері шектеулі адамдардың пайдалануына арналған өнімдер мен қызметтерді шығаруды өз міндетіне алады. Біздің міндетіміз компанияның алуан түрлі мақсаттарына қолдау көрсетеді және технология артықшылықтарының барлық адамға қол жетімді болуын қамтамасыз етеді.

Біздің арнайы мүмкіндіктер тұрғысындағы мақсатымыз мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қоса, барлығы тиімді пайдалана алатын өнімдер мен қызметтерді оқшаулы түрде немесе тиісті көмекші құрылғылармен жасақтау, өндіру және нарыққа шығару болып табылады.

Мақсатымызға қол жеткізу үшін, біздің арнайы мүмкіндіктер саясатымыз компания ретінде біздің әрекеттеріміз бойынша нұсқау беретін негізгі жеті мақсатты орнатады. Барлық HP менеджерлері мен қызметкерлерден осы мақсаттарға қолдау көрсету және өз рөлдері мен мүмкіндіктеріне сәйкес жүзеге асыру күтіледі:

- Компаниядағы арнайы мүмкіндіктер мәселелері туралы танымалдық деңгейін көтеріп, қызметкерлерімізге арнайы мүмкіндіктерге қатысты өнімдер мен қызметтерді жасақтау, өндіру, нарыққа шығару және жеткізу бойынша қажетті оқу курсын қамтамасыз ету.
- Өнімдер мен қызметтерге арналған арнайы мүмкіндіктер туралы нұсқауларды әзірлеп, осы нұсқауларды жүзеге асыруға жауапты өнімді әзірлеуші топтарды бәсекелестікке, техникалық және экономикалық тұрғыда негізделген етіп ұстау.
- Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды арнайы мүмкіндіктер туралы нұсқауларды әзірлеуге және өнімдер мен қызметтерді жасақтауға және сынақтан өткізуге қатыстыру.
- Арнайы мүмкіндіктер туралы құжат пен өнімдеріміз бен қызметтеріміз туралы ақпаратты оңай қол жеткізуге болатын пішімде әзірлеу.
- Жетекші көмекші технологияны және шешімді жеткізушілермен қарым-қатынастарды орнату.

- Өнімдеріміз бен қызметтерімізге қатысты көмекші технологияны жетілдіретін ішкі және сыртқы зерттеу және дамыту бөліміне қолдау көрсету.
- Арнайы мүмкіндіктерге арналған өндірістік стандарттар мен нұсқауларға қолдау көрсету және үлес қосу.

Халықаралық арнайы мүмкіндіктер жөніндегі білікті мамандар бірлестігі (IAAP)

IAAP — желі, білім беру және куәландыру арқылы арнайы мүмкіндіктер жөніндегі мамандықты жетілдіруге негізделген коммерциялық емес бірлестік. Мақсаты – арнайы мүмкіндіктер жөніндегі білікті мамандарға мансаптарын жетілдіруге және дамытуға, сондай-ақ ұйымдарға арнайы мүмкіндіктерді өнімдері мен инфрақұрылымына жақсырақ ендіруге көмектесу.

HP негізін қалаушы мүше болып табылады және біз арнайы мүмкіндіктер саласын дамытуға қатынасу мақсатында басқа ұйымдармен біріктік. Бұл міндет мүмкіндіктері шектеулі адамдар тиімді пайдалана алатын өнімдеріміз бен қызметтерімізді жасақтау, өндіру және нарыққа шығару бойынша компаниямыздың арнайы мүмкіндіктер жөніндегі мақсатына қолдау көрсетеді.

IAAP басқалардан үйрену мақсатында жеке адамдарды, студенттерді және ұйымдарды жаһандық тұрғыда біріктіру арқылы біздің мамандығымызды күшейтеді. Егер қосымша қызығушылық танытатын болсаңыз, онлайн қауымдастыққа қосылу, ақпараттық таратылымдарға жазылу және мүшелік опциялары туралы білу үшін, http://www.accessibilityassociation.org сайтына өтіңіз.

Ең жақсы арнайы технологияны табу

Физикалық немесе жасына қатысты мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қоса, кез келген тұлға технологияны қолданып сөйлесе, өз ойларын айта және әлеммен байланыса алу керек. HP компаниясы HP ішіндегі және тұтынушылар мен серіктестерінің арнайы мүмкіндіктер туралы танымалдықтарын арттыруға міндеттенеді. Көздеріңіз оңай көретін үлкен қаріптер, қолдарыңыздың демалуына мүмкіндік беретін дыбыстық тану немесе белгілі жағдайда көмектесетін басқа да арнайы мүмкіндіктер технологиясы – HP өнімдерін пайдалануды оңайлататын сан алуан арнайы технологиялар түрлері. Сіз қалай таңдау жасайсыз?

Қажеттіліктеріңізге қол жеткізу

Технологиялар әлеуетті жүзеге асыра алады. Арнайы мүмкіндіктер тосқауылдарды жойып, үйдегі, жұмыстағы және қоғамдағы дербестікті жасауға көмектеседі. Арнайы мүмкіндіктер (AM) электрондық және ақпараттық технологияларының функциялық мүмкіндіктерін кеңейтуге, сақтауға және жақсартуға көмектеседі.

Көптеген көмекші технология өнімдерінен таңдауға болады. Көмекші технологияны анықтау бірнеше өнімдерге бағалауға, сұрақтарға жауап беруге және жағдайға арналған ең жақсы шешімді таңдауға мүмкіндік беру керек. Көмекші технологияны бағалауда маманданған білікті мамандардың көптеген салалардан шығатынын көресіз, оның ішінде физиотерапия, еңбек терапиясы, сөйлеу/тіл патологиясы және де басқа да біліктілік салалары. Куәлігі немесе лицензиясы жоқ басқалар да бағалау негізіндегі ақпаратты ұсына алады. Қажеттіліктеріңізге сай екендігін анықтау үшін, жеке тұлғалардан тәжірибесі, біліктілігі және қызмет ақысы туралы сұрағыңыз келеді.

HP өнімдеріне арналған арнайы мүмкіндіктер

Келесі сілтемелер қолданыста болса, әртүрлі HP өнімдерінде қамтылған арнайы мүмкіндіктер мен көмекші технология бойынша ақпаратты береді. Мына ресурстар сіздің жағдайыңызға көбірек сәйкес келетін арнайы көмекші технология мүмкіндіктері мен өнімін (өнімдерін) таңдауға көмектеседі.

- HP Elite x3 – Арнайы мүмкіндіктер опциялары (Windows 10 Mobile)
- HP компьютерлері – Windows 7 жүйесінің арнайы мүмкіндіктер опциялары
- HP компьютерлері – Windows 8 жүйесінің арнайы мүмкіндіктер опциялары
- HP компьютері – Windows 10 жүйесінің арнайы мүмкіндіктер опциялары
- HP Slate 7 планшеттері – HP планшетінде (Android 4.1/Jelly Bean) арнайы мүмкіндіктерді қосу
- HP SlateBook компьютерлері – Арнайы мүмкіндіктерді қосу (Android 4.3,4.2/Jelly Bean)
- HP Chromebook компьютерлері – HP Chromebook немесе Chromebox (Chrome OS) құрылғысында арнайы мүмкіндіктерді қосу
- HP Shopping – HP өнімдеріне арналған перифериялық құрылғылар

HP өніміңіздегі арнайы мүмкіндіктер туралы қосымша қолдау қажет болса, ақпаратты Қолдау қызметіне хабарласу (80-бет) бөлімінен қараңыз.

Қосымша көмек ұсынатын сыртқы әріптестер мен провайдерлерге қосымша сілтемелер:

- Microsoft жүйесінің (Windows 7, Windows 8, Windows 10, Microsoft Office) арнайы мүмкіндіктер туралы ақпараты
- Google өнімдерінің (Android, Chrome, Google қолданбалары) арнайы мүмкіндіктер туралы ақпараты
- Кемістік бойынша сұрыпталған арнайы мүмкіндіктер түрлері
- Өнім бойынша сұрыпталған арнайы мүмкіндіктер түрлері
- Өнім сипаттамасы бар арнайы мүмкіндіктер қызметтерін жеткізушілер
- Арнайы мүмкіндіктер жөніндегі өнеркәсіптік бірлестік (ATIA)

Стандарттар және заңдар

Стандарттар

Федералдық қажеттіліктерге арналған сатып алу заңының (FAR) 508-бөлімі физикалық, сенсорлық немесе ұғыну мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған ақпараттық және коммуникациялық технологияға (ICT) қолжетімділікті бағыттау мақсатында АҚШ қатынастар басқармасы арқылы жасалған. Стандарттар технологиялардың әртүрлі түрлеріне қатысты арнайы техникалық шартты, сондай-ақ қамтылған өнімдердің функционалдық мүмкіндіктеріне негізделген өнімділік негізіндегі талаптарды қамтиды. Арнайы шарттар бағдарламалық құрал қолданбалары мен операциялық жүйелерді, Интернетке негізделген ақпарат пен қолданбаларды, компьютерлерді, телекоммуникациялық өнімдерді, бейне мен мультимедиа құралдарын және тұйықталған жабық өнімдерді қамтиды.

Нөмірі 376 – EN 301 549 бұйрығы

EN 301 549 стандартын Еуропалық одақ ақпараттық және коммуникациялық технология өнімдерін қоғамдық сатып алуға арналған онлайн құралдар жинағына негіз ретінде 376-бұйрықта шығарған. Стандарт ақпараттық және коммуникациялық технология өнімдері мен қызметтеріне қолданылатын функционалдық арнайы мүмкіндіктер талаптарын, сондай-ақ әрбір арнайы мүмкіндік талабына арналған сынау процедуралары мен бағалау методологиясының сипаттамасын анықтайды.

Веб-мазмұнға қол жеткізу жөніндегі нұсқаулар (WCAG)

W3C Интернетке қолжетімділік бастамасының веб-мазмұнға қол жеткізу жөніндегі нұсқаулары (WCAG) веб-дизайнерлер мен әзірлеушілерге физикалық немесе жасына қатысты мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қажеттіліктеріне жақсырақ сәйкес келетін сайттарды жасауға көмектеседі. WCAG арнайы мүмкіндіктерді веб-мазмұн (мәтін, суреттер, аудио және бейне) мен веб-қолданбалардың толық ауқымы арқылы жетілдіреді. WCAG нұсқауларын мұқият сынап көруге, оңай түсінуге және пайдалануға болады, сондай-ақ ол веб-жетілдірушілерге инновацияға икемділікті береді. WCAG 2.0 нұсқауы ISO/IEC 40500:2012 стандарты ретінде де бекітілген.

WCAG көру, есту, физикалық, ұғыну және неврологиялық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың, сондай-ақ қол жеткізу қажеттіліктері бар ересек интернетті пайдаланушылардың интернеттегі мазмұнға қол жеткізу тосқауылдарына айтарлықтай шешеді. WCAG 2.0 қол жеткізілетін мазмұнның сипаттамаларын береді:

- **Түсіндіру** (мысалы, суреттерге мәтін баламаларын, дыбыстарға жазуларды, көрмелерге бейнелеуді және түсті контрастты қолдану арқылы)
- **Жұмысқа бейімдеу** (пернетақтаға қолжетімділікті, түс контастын, енгізу уақытын, бас тартуды және жылжу мүмкіндігін игеруді реттеу арқылы)
- **Түсінікті** (оқу, болжау және енгізу көмекші құралдарын реттеу арқылы)
- **Тұрақты** (мысалы, көмекші технологиялармен үйлесімділікті реттеу арқылы)

Заңдар мен ережелер

Ақпараттық технологияға және ақпаратқа қолжетімділік заңды маңыздылықты арттыру аймағына айналды. Осы бөлім негізгі заңдар, ережелер мен стандарттар бойынша ақпаратқа сілтемелерді береді.

- Америка Құрама Штаттары
- Канада
- Еуропа
- Ұлыбритания
- Австралия
- Дүние жүзі бойынша

Америка Құрама Штаттары

Мүгедектерді сауықтыру туралы заңның 508-бөлімі агенттіктердің ақпараттық және коммуникациялық технологияны сатып алуға қандай стандарттарды қолдану қажеттігін, арнайы мүмкіндіктер өнімдері мен қызметтерінің қолданыста бар екендігін анықтау үшін, нарықта зерттеу

жұмыстарын орындау, сондай-ақ нарық зерттеулерінің нәтижелерін құжаттау қажеттігін орнатады. Келесі ресурстар 508-бөлімнің талаптарына сай болуға көмек береді:

- www.section508.gov
- Арнайы мүмкіндіктерді сатып алу

АҚШ қатынастар басқармасы ағымдағы уақытта 508-бөлім стандарттарын жаңартуда. Бұл шаралар стандарттарға өзгерістер енгізілу керек жаңа технологиялар мен басқа аймақтарға қолданылады. Қосымша ақпарат алу үшін, 508-бөлімді жаңарту сайтына өтіңіз.

Телекоммуникация туралы заңның 255-бөлімі мүмкіндіктері шектеулі адамдар пайдалана алатын телекоммуникация өнімдері мен қызметтерін талап етеді. Федералдық комиссия ережелері барлық аппараттық құралдар мен бағдарламалық құралдардың телефон желісі жабдығын және үйде немесе кеңседе қолданылатын телекоммуникациялық жабдықты қамтиды. Мұндай жабдыққа телефондар, сымсыз телефондар, факс машиналары, жауап беру құрылғылары және пейджерлер кіреді. Сондай-ақ Федералдық комиссия ережелері негізгі және арнайы телекоммуникациялық қызметтерді, оның ішінде қалыпты телефон қоңырауларын, қоңырау жауабын күтуді, жылдам теруді, қоңырауды әрі қарай жолдауды, компьютер беретін анықтамалық қызметті, қоңырауды бақылауды, қоңырау шалушыны анықтауды, қоңырауды қадағалауды, теруді қайталауды, дыбыстық поштаны және қоңырау шалушыларға таңдаулар мәзірін беретін интерактивті дыбыстық жауап беру жүйелерін қамтиды. Қосымша ақпарат алу үшін, Байланыстар жөніндегі федералдық комиссияның 255-бөліміндегі ақпаратқа өтіңіз.

21 ғасырдағы байланыстар мен бейне құралдарының қолжетімділігі жөніндегі заң (CVAA)

CVAA мүмкіндіктері шектеулі адамдардың заманауи байланыстарға қолжетімділігін арттыру мақсатында федералды байланыстар заңын жаңартады, қол жетімділікті жаңарту заңдары жаңа сандық, кең жолақты арнаны және мобильді инновацияларды қамту үшін 1980 және 1990 ж.ж. күшіне енген. Ережелер Байланыстар жөніндегі федералдық комиссиямен күшіне енгізіліп, нөмірі 47 федералдық ережелер кодексінің 14-бөлімінде және 79-бөлімінде құжатталған.

- CVAA бойынша байланыстар жөніндегі федералдық комиссия нұсқаулығы

АҚШ-тағы басқа заңнамалар мен бастамалар

- АҚШ-тағы мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың құқықтарын қорғау туралы заң (ADA), телекоммуникация жөніндегі заң, мүгедектерді сауықтыру туралы заң

Канада

Онтарио тұрғындарына арналған мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың құқықтарын қорғау туралы заңы (AODA) мүмкіндіктері шектеулі Онтарио тұрғындарын тауарларды, қызметтерді және қондырғыларды қолжетімді ету мақсатында арнайы мүмкіндіктер туралы стандарттарды жетілдіру және жүзеге асыру, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі адамдарды арнайы мүмкіндіктер стандарттарын жетілдіруге қатыстыру үшін шығарылған. AODA алғашқы стандарты – тұтынушыларға қызмет көрсету стандартты; дегенмен, тасымалдауға, жұмысқа қабылдауға және ақпараттық-коммуникациялық қызметтерге арналған стандарттар да әзірленуде. AODA Онтарио үкіметі, заң органдары, әрбір тағайындалған қоғамдық сала ұйымы, сондай-ақ қоғамға не үшінші тараптарға тауарларды, қызметтер мен қондырғыларды ұсынатын кез келген тұлға және Онтарио қаласында кемінде бір қызметкері бар кез келген ұйым үшін қолданылады; сондай-ақ арнайы мүмкіндіктер шаралары 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асырылуы керек. Қосымша ақпарат алу үшін, Онтарио тұрғындарына арналған мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың құқықтарын қорғау туралы заңы бөліміне өтіңіз.

Еуропа

ЕО-ның 376-бұйрығы ETSI техникалық есебі ETSI DTR 102 612: «Адам Факторлары (HF); Ақпараттық және коммуникациялық технология доменінде өнімдер мен қызметтерді қоғамдық сатып алу бойынша Еуропалық арнайы мүмкіндіктер талаптары (Еуропалық комиссияның M 376 бұйрығы, 1-кезеңі) шығарылды.

Тарихы: Үш Еуропалық стандарттау ұйымы Еуропалық комиссияның «Ақпараттық және коммуникациялық технология доменінде өнімдер мен қызметтерді қоғамдық сатып алу бойынша арнайы мүмкіндіктерге қолдау көрсету CEN, CENELEC және ETSI 376-бұйрығында» көрсетілген жұмысты жүзеге асыру мақсатында екі параллель жоба тобын тағайындады.

ETSI ТС адам факторы мәселелері жөніндегі маман 333 уақытша тобы ETSI DTR 102 612 стандартын әзірледі. STF333 орындаған жұмыс (мысалы, міндеттемелер туралы ереже, толық жұмыс тапсырмаларының техникалық сипаттамасы, жұмыстың уақыт жоспары, алдыңғы жоба жазбалар, алынған пікірлер тізімі мен уақытша топпен байланысу түрлері) туралы толық деректерді Арнайы 333 уақытша тобы бөлімінен қарауға болады.

Қолайлы сынау және растау жоспарларын бағалауға қатысты бөліктер CEN BT/WG185/PT бөлімінде толық сипатталған параллель жоба арқылы жүзеге асырылды. Қосымша ақпарат алу үшін, CEN жобасы тобының веб-сайтына өтіңіз. Екі жоба да мұқият үйлестірілді.

- CEN жоба тобы
- Электрондық арнайы мүмкіндіктерге арналған Еуропалық Одақ комиссиясының бұйрығы (PDF 46KB)

Ұлыбритания

Ұлыбританиядағы соқыр және мүмкіндіктері шектеулі пайдаланушыларға веб-сайттарды пайдалану мүмкіндігін беру мақсатында 1995 жылы мүгедектерді кемсітушілік туралы заң (DDA) күшіне енді.

- W3C Ұлыбритания саясаттары

Австралия

Австралия үкіметі Интернеттегі мазмұнның қолжетімділігі туралы 2.0 нұсқаулығын жүзеге асыру бойынша өз жоспары туралы хабарлады

Барлық Австралия үкіметінің веб-сайттары 2012 жылға дейін A деңгейлі сәйкестікті және 2015 жылға дейін қосарланған A деңгейлі сәйкестікті талап етеді. Жаңа стандарт 2000 жылы агенттіктер үшін міндетті талап ретінде таныстырылған WCAG 1.0 нұсқасын ауыстырады.

Дүние жүзі бойынша

- JTC1 Арнайы мүмкіндіктер бойынша арнайы жұмыс тобы (SWG-A)
- G3ict: Жан-жақты ақпараттық және коммуникациялық технологияға арналған жаһандық бастама
- Италиялық арнайы мүмкіндіктер жөніндегі заң
- W3C Интернетке қолжетімділік бастамасы (WAI)

Пайдалы арнайы мүмкіндіктер ресурстары мен сілтемелері

Келесі ұйымдар мүгедектік пен жасқа қатысты шектеулер туралы ақпаратқа арналған жақсы ресурстар болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ: Бұл жабық тізім емес. Бұл ұйымдар тек ақпараттық мақсатта ғана беріледі. HP Интернетте берілген мәліметтер немесе байланыс ақпараты үшін жауапты болмайды. Бұл беттегі тізім HP компаниясының растамасын тұспалдамайды.

Ұйымдар

- Американдық мүмкіндіктері шектеулі адамдар бірлестігі (AAPD)
- Арнайы технология туралы заң бағдарламалары жөніндегі бірлестік (ATAP)
- Американдық есту мүмкіндігі шектеулі адамдар бірлестігі (HLAA)
- Ақпараттық технология бойынша техникалық көмекші және оқыту орталығы (ITTATC)
- Халықаралық сәулелі манар
- Керең адамдардың ұлттық бірлестігі
- Соқыр адамдардың ұлттық федерациясы
- Солтүстік Американдық қалпына келтіру инженерлік және көмекші технология қоғамы (RESNA)
- Керең және есті қабілеті нашар адамдарға арналған байланыс құралдары корпорациясы (TDI)
- W3C Интернетке қолжетімділік бастамасы (WAI)

Білім беру институттары

- Калифорния мемлекеттік университеті, Нортридж, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың орталығы (CSUN)
- Висконсин - Мэдисон университеті, салдарды іздеу орталығы
- Компьютерге бейімделу бағдарламасы бойынша Миннесота университеті

Шектеулі мүмкіндіктер туралы басқа да ресурстар

- ADA (АҚШ-тағы мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың құқықтарын қорғау туралы заң) техникалық көмекші бағдарлама
- Бизнес және шектеулі мүмкіндіктер желісі
- EnableMart
- Еуропалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар форумы
- Тапсырманы орындау құралдары желісі
- Microsoft жүйесін қосу
- АҚШ әділет министрлігі - мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қорғау жөніндегі заңдарға нұсқау

HP сілтемелері

Біздің байланыс ақпараты туралы веб-форумымыз

HP қолайлық және қауіпсіздік туралы нұсқаулығы

HP қоғамдық сала бойынша сату бөлімі

Қолдау қызметіне хабарласу

ЕСКЕРТПЕ: Қолдау қызметі ағылшын тілінде ғана көрсетіледі.

- Техникалық қолдау немесе HP өнімдерінің арнайы мүмкіндіктері туралы сұрақтары бар керең немесе есту қабілеті нашар тұтынушылар:
  - Дүйсенбі-жұма күндері, қысқы уақыт аймағындағы 6:00 мен 21:00 аралығында (877) 656-7058 нөміріне қоңырау шалу үшін, TRS/VRS/WebCapTel байланыс құралдарын пайдаланыңыз.
- Техникалық қолдау немесе HP өнімдерінің арнайы мүмкіндіктері туралы сұрақтары бар өзге физикалық немесе жасына қатысты мүмкіндіктері шектеулі тұтынушылар келесі опциялардың бірін таңдаңыз:
  - Дүйсенбі-жұма күндері, қысқы уақыт аймағындағы 6:00 мен 21:00 аралығында (888) 259-5707 нөміріне қоңырау шалыңыз.
  - Физикалық немесе жасына қатысты мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін байланыс пішімін аяқтаңыз.

Индекс

Таңбалар/Сандар

508-бөлімнің арнайы мүмкіндіктер стандарттары 75, 77

А

Автоматты DriveLock 46
  ажырату 47
  қосу 46
Автоматты DriveLock құпия сөзі енгізу 47
ажыратымдылығы жоғары құрылғылар, жалғау 32, 34
алдыңғы күйге қайтару 58
АМ (арнайы мүмкіндіктер):
  мақсаты 73
  табу 74
арнайы мүмкіндіктер 73
арнайы мүмкіндіктер (АМ)
  мақсаты 73
  табу 74
арнайы мүмкіндіктер бағалауды қажет етеді 74
Арнайы мүмкіндіктер туралы HP саясаты 73
арнайы пернелер, пайдалану 12
астыңғы жағы 16
аудио 29
  HDMI 33
  гарнитуралар 30
  дыбыс параметрлері 30
  дыбысты деңгейін реттеу 14
  құлақаспаптар 29
  үндеткіштер 29
аудио шығыс (құлақаспап)/аудио кіріс (микрофон) біріккен ұясы, анықтау 5

Ә

әкімші құпия сөзі 43
әрекет пернелері 13
  анықтау 13
  дыбысты өшіру 14
  келесі 14
  құпиялылық экраны 13
  ойнату 13
  пайдалану 13
  пернетақтаның артқы жарығы 13
  сымсыз байланыс 14
  тоқтата тұру 13
  тоқтату 14
  үндеткіштің дыбыс деңгейі 14
  экран жарықтығы 13
  экран кескінін ауыстыру 14

Б

бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту 55
бағдарламалық құрал
  вирусқа қарсы 51
  Дискіні дефрагментациялау құралы 54
  Дискіні тазалау 54
  желіаралық қалқан 51
бағдарламалық құрал жаңартулары, орнату 52
батарея
  ақпаратты табу 39
  батареяның төмен деңгейлері 40
  зарядсыздану 39
  зауытта пломбаланған 40
  қуатты үнемдеу 39
  төмен батарея деңгейі мәселесін шешу 40
батарея ақпараты, табу 39
батарея заряды 39
батарея қуаты 38
батарея шамы 6
батареяның төмен деңгейі 40
бейне 30
  DisplayPort құрылғысы 31
  HDMI порты 32
  USB Type-C 31
  сымсыз дисплейлер 34
бөліктер
  астыңғы жағы 15
  дисплей 7
  оң жақ 5
  пернетақта аумағы 9
  сол жақ 6
бір саусақпен сырғыту – сенсорлы экран қимылы 28

В

вирусқа қарсы бағдарламалық құрал 51

Г

гарнитуралар, жалғау 30

Д

деректер беру 34
деректерді беру 34
Дискіні дефрагментациялау бағдарламалық құралы 54
Дискіні тазалау бағдарламалық құралы 54
дисплей бөліктері 7
дыбыс. Көріңіз аудио
дыбыс деңгейі
  дыбысты өшіру 14
  реттеу 14
дыбыс деңгейін өшірудің әрекет пернесі 14
дыбыс параметрлері, пайдалану 30

Е

екі саусақпен қысып масштабтау – сенсорлы тақта және сенсорлы экран қимылы 25
енгізілген сандық пернетақта, анықтау 12

Ж

жабдық, табу 4
жад карталарды оқу құралы, анықтау 7
жапсырмалар
  Bluetooth 16
  WLAN 16
  қызмет 15
  нормативтік 16

сериялық нөмір 15
сымсыз куәлік 16
жауапсыз жүйе 37
желдеткіштер, анықтау 7, 15
желі ұясы, анықтау 5
желіаралық қалқан бағдарламалық құралы 51
жетек жарығы, анықтау 7
жұмыс ортасы 71
жұмысты аяқтау 37
жүйені қалпына келтіру нүктелері, жасау 58
жүктелу реті, өзгерту 59
жүктеу реті
f9 жылдам пернесінің көмегімен өзгерту 64

З
зауытта пломбаланған батарея 40

К
камера 8
анықтау 8
пайдалану 29
камера шамы, анықтау 8
келесі жолшық әрекетінің пернесі 14
компьютерді қорғау 55
компьютерді өшіру 37
компьютерді сапарға алып шығу 16, 57
компьютерді тазалау 55
компьютерді тасымалдау 57
корпоративтік WLAN қосылымы 18
Күту
қосу 37
өте төмен батарея деңгейі кезінде қосылады 40
шығу 37
күтім
бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту 55
Дискіні дефрагментациялау құралы 54
Дискіні тазалау 54
кірістірілген сандық пернетақта, анықтау 13

Қ
қалпына келтіру 58
USB флэш-дискісі 59
дискілер 59
медиа құралы 59
HP Recovery бөлімі 59
қалпына келтіру құралы
HP Cloud Recovery Download Tool арқылы жасау 59
Windows құралдары арқылы жасау 58
қауіпсіздік кабелінің ұясы, анықтау 6
қоғамдық WLAN қосылымы 18
қосқыш, қуат 6
қуат
батарея 38
сыртқы 41
қуат басқару 36
қуат белгішесі, пайдалану 38
Қуат беретін USB SuperSpeed порты, анықтау 6
Қуат беретін USB порты, анықтау 6
қуат қосқышы
анықтау 5, 6
қуат параметрлері, пайдалану 38
қуат түймешігі, анықтау 11
қуат шамдары 10
құлақаспаптар, жалғау 29
құпия сөздер
BIOS әкімшісі 44
әкімші 43
пайдаланушы 43
құпиялылық экраны әрекет пернесі, анықтау 13
қызметтік жапсырмалар, табу 15

М
микрофон дыбысын өшіру пернесі, анықтау 14
микрофон дыбысын өшіру шамы, анықтау 10

Н
нормативтік ақпарат
нормативтік ақпараты бар жапсырма 16
сымсыз куәландыру белгілері 16

О
ойнату әрекетінің пернесі 13
орнату утилитасы
жылжу және таңдау 61
зауыттық параметрлерді қалпына келтіру 61
орнатылған бағдарламалық құрал, табу 4
оң жақтағы бөліктер 5

Ө
өнім аты және нөмірі, компьютер 15
өте төмен батарея деңгейі 40

П
пайдаланушы құпия сөзі 43
пернелер
esc 12
fn 12
num lock 12
Windows 12
Windows қолданбасы 12
әрекет 13
пернелер тіркесімдері
микрофон үнзісдендірілген 14
пернетақта
енгізілген сандық 12
кірістірілген сандық 13
пернетақта және қосымша тінтуір
пайдалану 28
пернетақтаны және қосымша тінтуірді пайдалану 28
пернетақтаның артқы жарығы
әрекет пернесі 13
порттар
HDMI 5, 32
USB SuperSpeed 5, 6
USB Type-C 35
USB Type-C DisplayPort 5
USB Type-C SuperSpeed 5
USB Type-C SuperSpeed порты және DisplayPort 31
USB Type-C қуат қосқышы 5
Қуат беретін USB 6

Р
ресурстар, арнайы мүмкіндіктер 78

С

сақтық көшірме, жасау 58
сақтық көшірмелер 58
саусақ іздері, тіркеу 51
саусақ ізін оқу құрылғысы 53
саусақ ізін оқу құрылғысы, анықтау 11
Сенсорлы тақта
  пайдалану 24
Сенсорлы тақта аймағы
  анықтау 9
Сенсорлы тақта және сенсорлы экран қимылдары
  екі саусақ көмегімен қысып масштабтау 25
  түрту 24
Сенсорлы тақта қимылдары
  екі саусақпен сырғыту 25
  екі саусақпен түрту 25
  төрт саусақпен түрту 26
  үш саусақпен жанап өту 27
  үш саусақпен түрту 26
Сенсорлы тақтадағы/сенсорлы экрандағы түрту қимылы 24
Сенсорлы тақтадан екі саусақты сырғыту қимылы 25
Сенсорлы тақтаны екі саусақпен түрту қимылы 25
Сенсорлы тақтаны пайдалану 24
сенсорлы тақтаны үш саусақпен түрту қимылы 26
Сенсорлы тақтаның төрт саусақпен түрту қимылы 26
Сенсорлы тақтаның түймешіктері
  анықтау 9
Сенсорлы тақтаның үш саусақпен жанап өту қимылы 27
сенсорлы экран қимылдары
  бір саусақпен сырғыту 28
сериялық нөмір, компьютер 15
сол жақ бөліктер 6
стандарттар және заңдар, арнайы мүмкіндіктер 75
сымсыз антенналар, анықтау 8
сымсыз байланыс әрекет пернесі 14
сымсыз байланыс пернесі 17
сымсыз байланыс түймесі 17
сымсыз байланыс шамы 17
сымсыз байланыс шамы, анықтау 10
сымсыз басқару элементтері
  амалдық жүйе 17
  түймешігі 17
сымсыз желі (WLAN)
  жұмыс ауқымы 19
  корпоративтік WLAN қосылымы 18
  қоғамдық WLAN қосылымы 18
  қосылу 18
сымсыз куәландыру белгісі 16
сыртқы қуат, пайдалану 41

Т

тоқтата тұру әрекеті пернесі 13
тоқтату әрекет пернесі 14
тұтынушыларды қолдау, арнайы мүмкіндіктер 80
тұтынылатын қуат 70
түймешіктер
  қуат 11
  сенсорлы тақтаның оң жағы 9
  сенсорлы тақтаның сол жағы 9

Ұ

Ұйқы режимі
  қосу 36
  шығу 36
Ұйқылық режим немесе күту күйі, қосу 36
ұйқылық режимді немесе күту күйін қосу 36
ұшу режимі пернесі 17
ұялар
  RJ-45 (желі) 5
  аудио-шығыс (құлақаспап)/аудио кіріс (микрофон) біріккен 5
  желі 5
ұяшықтар
  қауіпсіздік кабелі 6

Ү

үндеткіш дыбыс деңгейін реттеудің әрекет пернелері 14
үндеткіштер
  қосылу 29
үндеткіштер, анықтау 11

Х

Халықаралық арнайы мүмкіндіктер жөніндегі білікті мамандар бірлестігі 74

Ш

шамдар
  caps lock 10
  fn құлпы 10
  num lock 10
  RJ-45 (желі) 5
  Айнымалы ток адаптері және батарея 6
  батарея 6
  камера 8
  қатты диск 7
  қуат 10
  микрофон үнсізсендірілген 10
  сымсыз байланыс 10

І

ішкі микрофондар, анықтау 8

Э

экран жарықтығы әрекет пернелері 13
экран кескінін ауыстырудың әрекет пернесі 14
электрстатикалық разряд 72

B

BIOS
  жаңарту 62
  жаңартуды жүктеп алу 63
  нұсқаны анықтау 62
Bluetooth жапсырмасы 16
Bluetooth құрылғысы 17, 19

C

caps lock шамы, анықтау 10
computer setup 61
Computer Setup
  BIOS әкімші құпия сөзі 44
  жылжу және таңдау 61
  зауыттық параметрлерді қалпына келтіру 61
  қосу 61

D

DriveLock
  ажырату 49

қосу 49
сипаттама 48
DriveLock басты құпия сөзі
өзгерту 50
Drivelock құпия сөзі
енгізу 50
өзгерту 50
параметрлер 48

E
esc пернесі, анықтау 12

F
fn құлпы шамы, анықтау 10
fn пернесі, анықтау 12

G
GPS 19

H
HDMI аудио, реттеу 33
HDMI порты
қосылу 32
HDMI порты, анықтау 5
HP 3D DriveGuard 55
HP Client Security 52
HP Device as a Service (HP DaaS, HP құрылғысы қызмет ретінде) 53
HP LAN-Wireless Protection 21
HP MAC Address Pass Through 22
HP PC Hardware Diagnostics UEFI
бастау 67
жүктеу 67
пайдалану 66
HP PC Hardware Diagnostics Windows
жүктеу 66
орнату 66
пайдалану 65
HP Recovery Manager
жүктеу мәселелерін шешу 59
HP Recovery құралы
қалпына келтіру 59
HP Touchpoint Manager 53
HP Жылдам зарядтау мүмкіндігі 39
HP ресурстары 2

M
Miracast 34

N
NFC 20
num lock пернесінің шамы 10

P
Precision TouchPad
пайдалану 24
Precision TouchPad қимылдары
екі саусақпен сырғыту 25
екі саусақпен түрту 25
төрт саусақпен түрту 26
үш саусақпен жанап өту 27
үш саусақпен түрту 26

R
Remote HP PC Hardware Diagnostics UEFI параметрлері
пайдалану 68
параметрлерді реттеу 69
RJ-45 (желі) ұясы, анықтау 5
RJ-45 (желі) шамдары, анықтау 5

S
SuperSpeed порты және DisplayPort қосқышы, USB Type-C жалғау 31
Sure Start
пайдалану 64

T
TPM параметрлері 64

U
USB SuperSpeed порты, анықтау 5
USB Type-C SuperSpeed порты, анықтау 5
USB Type-C қуат қосқышы порты, анықтау 5
USB Type-C порты, жалғау 31, 35

W
Windows
жүйені қалпына келтіру нүктесі 58
қалпына келтіру құралы 58
сақтық көшірме 58
Windows Hello
пайдалану 51
Windows қолданбалар пернесі, анықтау 12
Windows құралдары, пайдалану 58
Windows пернесі, анықтау 12
WLAN антенналары, анықтау 8
WLAN жапсырмасы 16
WLAN желісіне қосылу 18
WLAN құрылғысы 16
WWAN антенналары, анықтау 8
WWAN құрылғысы 17, 19